

П И О Н Е Р



ОКТАБРЬ-НОЯБРЬ

1946 ЖЫЛ

№4-5

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫ



ПИОНЕР

№ 4—5

Қазақстан ЛКЖО Орталық
комитетінің айына бір рет
шығатын балалар журналы

ОКТАБЬРЬ — НОЯБЬРЬ
1946 ЖЫЛ

Жас ұлан

Музыкасын жазған
Ф. СОМОВИЧ

Сөзін жазған
Ә. СҮЛЕЙМЕНОВ

Бетің

Се кіл қы бір ұя ның ба ла па ны-ту-ыс-қа-р
бә-р-а-ра-м-ның
ба ла па ны. Пар ти я тео-ба-а-ші,
о-тай-қа-м-қа-р
ба-қыт-ты ба-ла-ша-ғы бо-ла-ша-ғы
біз-д-і-міз
жа-сы-мың бі-лім-ку-ған бо-тыр-ба-н
ба-тыр-ба-н ба-тыр-ба-н ба-тыр-ба-н

Секілді бір ұяның балапаны,
Туысқан бір адамның балалары,
Партия — тәрбиеші, Отан — қамқор
Бақытты бала шағы, болашағы,


Қайырмасы:

Біз ұлан жасына
Білім қуған,
Батыр боп, батыл боп,
Өжет туған.

Немене шалқытып ән шырқамасқа!
Армансыз азат елде туған жасқа.
Әділ заң, әсем заман, еркін адам
Гүлденген өміріміз көркем бақша.
(Қайырмасы)

Балалармыз табылған бар керегі,
Өсеміз болып ғалым, өңбек ері.
Сталиндік дәуірдің дәулетінің
Болашақ біз несі мұрагері.
(Қайырмасы)

Октябрь



Тайыр ЖАРОКОВ

Қағылғанда жер жара,
Жаңа ғасыр дабылы,
Тауды, тасты аудары,
Тынды соғыс дауылы.

Сонда өмір көгінен
Ұлы Октябрь таңы атып,
Күн туып ел кегінен

Жерді шаттық оятып, —
Бұлттан шығып жарқ етіп
Ай күлімдеп жай ғана,
Қыран ұшып саңқ етіп,
Нұрға оранды сай-сала,

Сонан бері ата-анан,
Армансыз боп, жас ұлан,
Туғандай-ақ қайтадан,
Бақытты өмір жасаған.

Сол бақыттың сәулелі
Ашқан бізге есігін,
Даңқы әлемге әйгілі —
Октябрь атты—осы күн.

Октябрьдің ержеткен
Ұлан ашып есігін,
Сәби күннен тербеткен
Алтын Отан—бесігің!

Бақытты отан кілтіндей
Ұлы адам дана жаралған,
Сәулелі өмір бүтіндей
Сол адамнан нәр алған.

Ол адамның сыйпатын
Кремльдің жұлдызы
Жеткізіп бізге жылтатын
Күн—Сталин нұр жүзі.

Ұлы Сталин жүзінен
Бағыңа нұр шашылған.
Меруерттей тізілген
Жайна мәңгі, жас ұлан!



С М О Л Ь Н Ы Й Д А

А. КОНОНОВ

Алыстағы Сибирьден Петроградка бір шаруа шал келді. Ол жолда кездескендердің бәріне Ленинге келе жатқандығын айтты.

—Ленинді көріп, ол кісіге өзімнің шаруашылық тұрмысымды баяндайын деп едім,—деді шал жөн сұраушыларға.

Шал ұзақ жүрді. Ақырында Петроградка жетті.

Ол Петроградтың көшелерінде қолына винтовка ұстап тұрған жұмысшыларды, музыка тартып өтіп жатқан әскер полктарын, олардың желбіретіп көтерген үлкен қырмызы қызыл туларын көрді.

Бұған таңданып аз тұрды да, қызыл гвардеецтерге жақындап келіп:

—Бұған қалай түсінуге болады?—деп сұрады.

Оған бір кісі:

—Кешегі күннен бастап бізде Совет өкметі орнады—деп жауап берді.

Шал көшені өрлей ілгері жүріп кетті. Ленинді қайдан табуға болатынын сұрастырып келеді. Сұрағандар шалға Лениннің Смольныйда екенін айтты.

Смольныйды іздеп шал бүкіл қаланы аралады. Ұзақ жүргеннен кейін үлкен үйге кез болды.

Әлгі үйдің айналасында әр жерде от жанып жатты, мойындары сорайып зеңбіректер тұр. Зеңбіректердің маңында матростар мен солдаттар жүр.

Смольный осы екен.

Зеңбіректердің маңында жүргендердің ішінен бір жас матрос шалға қатты ұнады. Күн өте салқын, сары аяз болатын. Оның үстіне теңіз жақтан үскірік суық жел соғып тұр. Әлгі жас матрос екі аяғын біріне-бірі соғып, екі қолын уқалап, бойын суыққа билеткісі келмегендей дамыл таппай тұр.

Шал жас матросқа таяу келді де:

—Маған Ленинді көру керек еді,—деді.

Матрос шалдың аяғынан бастап, басына дейін бір қарап өтті де:

—Саған Ленин неге керек?—деп сұрады.

—Өзімнің хал-ахуалым, тұрмысым туралы айтқалы келіп едім.

—Комендантқа барып Ленинге кіруге рұхсат қағаз алып келіңіз,—деді де ко-

коменданттың қайда тұратынын көрсетіп жіберді.

Шал комендантка келіп еді, онда рұхсат қағаз алу үшін кезекте тұрғандар көп екен. Мұның өзі Ленинге күн сайын көп адамдардың келетіндігін көрсетіп тұр.

Коменданттың бір қолында мықтап ұстаған винтовкасы бар, ал екінші қолының бес саусағымен уыстап ұстаған қаламды зорға жылжытып рұхсат қағазды өте жай жазып отыр екен.

Шал рұхсат қағазды алды да, Ленинді іздеуге кетті.

Бұл кезде Смольныйдың төменгі қатарында жұмысшылар мен матростар қару алып жатты. Олар ұзын бойлы, жарқын жүзді, көңілді солдатқа бір-бірлеп келіп, одан винтовка мен патрон алып, алғандықтарына қол қойып, одан кейін қораға шығып жатыр. Қораға шыққандар топ-топ қатарға тұрып, жөндеріне кетіп жатыр. Қай жаққа екені белгісіз, зеңбіректің атылған даусы мезгіл-мезгіл құлаққа естіледі. Петроградтың түбінде соғыс жүріп жатыр.

Шал әлгі ұзын бойлы, жарқын жүзді солдаттан Лениннің қайда екенін сұрады.

Солдат жәй күлімсіреді де:

—Алпыс жетінші бөлмеде,—деді.

Алпыс жетінші бөлменің алдында екі қызыл гвардеец тұр екен. Біреуі мұртты селтиген, үстінде қара пальтосы бар қарт жұмысшы. Екіншісі—шолақ тон киген жас жігіт.

Шал бұларға келіп: «Ленинге кіруге бола ма?» —деп сұрап еді, мұртты жұмысшы тұрып:

—Осы коридормен тіке жүре беріңіз, алдыңыздағы үлкен залға қазір Ленин барып сөз сөйлейді,—деді.

Осы кезде шал коридормен үлкен залға қарай шұбырып бара жатқан халықты көрді. Халықпен бірге шал да үлкен залға барды. Залдың аппақ кең есігінің алдында халық толып тұр екен.

Шал халықтың арасымен залға кірді. Залға кіріп жаңа ғана айналасына қарай беріп еді, кенеттен құлақ тұндырған күшті дауыс естілді. Бұған алғашқыда шал түсіне қоймады. Тек әдейі бір шаттықпен айқайлаған, қол шапалақтаған, бастарындағы бөріктерін қолына алып былғаған халықты көрді. Бұл жыйналғандардың барлығы да қарапайым адамдар үс-

теріне кигендері сұр шекпен, шолақ тон, матрос киімдері. Барлығы да:

—Ленин! Лен—и—н! Ленин!—деп айқайлайды. Шал мойнын созып жан—жағына қарап еді, залдың екінші шетінде тұрған Ленинді көрді. Владимир Ильич кішкене ғана биіктікте тұр екен. Ол кісі залдың тынышталуын күтіп тұр. Бір кезде қолын көтеріп, тынышталуды сұрады.

Бірақ, зал тынышталмады.

—Ленин!.. Жасасын Ленин!—деген дауыс үдей түсті.

Владимир Ильич түсін салқындатып біраз тұрды. Бірақ, шыдай алмай жымыйып күліп те жіберді. Дауыс үсті—үстіне үдей түсті.

Ленин аз күтіп тұрды да, оң қолын көтеріп тағы да тынышталуды сұрады. Мұнан кейін дауысқа көңіл бөлмеуге ұйғарды білем, алға қарай аз жылжыды да сөйлей бастады. Бұл кезде залдағылар тым—тырыс бола қалды.

—Жолдастар, — деді Ленин,—большевиктердің көптен бері аңсап, айтып келген жұмысшы, шаруа революциясы аяқталды.

Ленин Советтік жаңа өмір туралы, Совет өкметі туралы, соғысты аяқтау керек екендігі, жердің помещиктерден алынып шаруаларға берілетіндігі туралы айтты.

Шал бұл сөздерді өте ықыласпен тыңдады. Владимир Ильичтің әрбір сөзі шалдың көңіліне қонып, анық түсінді.

Ленин сөзін аяқтады. Бұл кезде шал өзінің деревнясын есіне түсіріп біраз тұрды. Лениннің әлгі сөздерін шаруаларға барып айту керек деп ойлады.

Халық тарқаған кезде шал да сыртқа шығуға бет бұрды. Смольныйдан шығып бара жатқан шалға бір адам дауыстады. Қараса, алғашқы жолыққан жас матрос екен.

—Өзіңіздің өміріңіз туралы Ленинге айттыңыз ба, ата?—деп сұрады, матрос күліп.

—Жоқ, шырағым,—деді шал,—менің болашақ өмірім туралы Ленин менімен сөйлесті.

Аударған Г. ХАТЕЛОВ.

АРКАДИЙ ГАЙДАР

(Қаза тапқанына 5 жыл)

Балалар, сендер Аркадий Гайдарды жақсы білетін боларсындар. Оның сендерге арнап жазған көптеген тамаша кітаптары бар. Гайдар совет балаларын, оқушы пионерлерді жанындай жақсы көрген жазушы еді. Ол балалар үшін көп еңбек істеді. Ол бұл еңбегін мейлінше ұнатып, өте сүйіп істеді. „Мен өзімнің жұмысымды сүйемін. Дүниеде оны ешбір басқа жұмысқа айырбастамаймын“ дейтін еді ол.

Аркадий Петрович Гайдар кішіпейілді, жарқын жүзді, өткір ойлы тамаша адам еді. Ол өзінің отанын туған анасындай ардақтап жан-тәнімен жақсы көрген адал ұл еді.

Аркадий Петровичтің шын фамилиясы Голиков, ол Гайдар деген атпен кітаптар жазып, сонан Гайдар аталып кеткен. Ол 1904-жылы Арзамас қаласында туған. Оның әкесі 1914-жылы ресей-герман соғысына кеткен кезде Аркадий 10 жаста еді. Содан төрт жыл өткеннен кейін он-төрт жасар Аркадий Голиков халықтың бақыты үшін, совет өкметі үшін ұрысқа араласуды ұйғарды.

Ол жасы жас болсадағы жауырынды, денелі еді. Онан жасың нешеде деп сұрағанда, ол 16 ға келдім деп Қызыл Армия қатарына кетеді. Сөйтіп, бірнеше майдандарда болады. Петлюраға қарсы ұрысқа, Польшада, Кавказда болған ұрыстарға қатысады. Сөйтіп Гайдардың жас балдырған балалық шағы от пен оқтың ішінде өтеді.

Онбес жасар Аркадий Гайдар Киевтегі командирлер дайындайтын әскери курсты бітіріп, 1919-жылы курсанттар бригадасының екінші полкінің 6-ротасына командир болып тағайындалады. Сонан кейін ол батальонның командирі, құрама отрядтың командирі болады. Онан соң Воронежте 23-полктің, артынша банда-



Аркадий Гайдар

лармен күресетін 58-дербес полктің айбынды командирі болып істейді. Аркадий Гайдар өзінің осы балалық шағы туралы былай дейді: „Мен ол кезде жас едім. Мен әрине, Чапаевтай команда бере алғаным жоқ. Бірде олай, бірде бұлай болып жүрді. Кей кездерде басым кататын, сонда терезеге қарап тұрып, шіркін қылышты қынабына салып, маузерді тапсырып, балалармен барып доп ойнарма еді! деген ойға кетем... Сүрініп, аптығулар көп болатын, кейде тіпті өз бетіммен кетушілік болды

менде. Ондай кездерде өзіміздің адамдар мені тартып, басып отыратын. Мұның барлығы маған пайда бола берді“.

Аркадий Гайдар «РВС», «Мектеп», «Соғыс құпиясы», «Көк кесе», «Барабаншының тағдыры», «Чук пен Гек», «Тимур және оның командасы» атты, тағы осылар сыяқты бірқатар кітаптар жазды. Адал, батыр, тапқыр ақылды пионер Тимур арқылы мыңдаған совет оқушылары өздерінің бейнелерін көрді.

Гайдардың кітаптарының қайсысын болса да, совет балалары сүйіп оқыйды. Оның кітаптарының бірқатары қазақ тіліне аударылып басылып шықты. Оларды қазақ пионерлері қолдарынан тастамай, ынтығып оқыйды.

Аркадий Гайдар 1941-жылы өзі тіленіп, Улы Отан соғысы майданына кетті. Қолына қару алып, өзінің сүйікті отанын қорғады. Сөйтіп, Киев қаласы жанында болған қыян кескі ұрыстарда ерлік өліммен қаза тапты. Бірақ ол артта өлмейтін ескерткіш қалдырды. Өзін өшпес даңққа бөледі. Гайдардың есімі фашизмге қарсы күрес қаһармандары арасынан хұрметті орын алады. Совет балаларының сүйікті жазушысы Аркадий Гайдарды біз мәңгі ұмытпаймыз.



ТИМУР

және оның

Командасы

(УЗІН ДІ)

Қаптармен жабылған сабан үстінде, поселкенің қартасын алдына жайып қойған Тимурдың айналасына балалар жайласып отырысты. Шатырдың жоғарғы тесігінен тысқа қарап, арқан әткеншекте бақылаушы отыр. Оның мойнына аса салған, көне тоздау баулы дүрбісі бар.

Тимурға жақындау жерде Женя отыр. Ол, ешкімге белгісіз штабтың мәжілісінде не болып жатқанын сергек түрде түгел тыңдап аңдумен отыр. Сөйлеуші Тимур:

— Ертең таң сәріден, жұрт ұйықтап жатқан кезде мынаның үзген (ол Женяны көрсетті) сымдарын Колокольчиков екеуміз түзейміз.

— Ол ұйықтап қалады, — деп матрос көйлегін киген қазанбас Гейка қабағын түйе сөйледі. — Бұл таңертенгі және түскі тамақтар кезінде ғана оянады.

— Өсек! — деп орнынан атып тұрған Коля Колокольчиков тұтыра сөйледі. — Мен күннің бірінші сәулесімен қоса түрегелемін.

— Күннің бірінші сәулесі қандай, екіншісі қандай болатынын мен білмеймін, бірақ ол сөзсіз ұйықтап қалады. — деп Гейка тағы да қала түсті. Сол арада әткеншекте отырған бақылаушы ысқырын кеп қалды. Балалар ұшып түрегелісті.

Атты — артиллерия дивизионы жолда шаңдатып кетіп барады екен.

Күйлі аттар көкпеңбек оқ жәшіктерімен, сүр кенептермен жабылған зеңбіректерді зымыратып сүйреп барады.

Жел қарып, күн тиіп тотыққан ат айдаушылар, тақымдары жазылмастан бұшпақтан шұғыл бұрылады, батареялар бірінен соң бірі ойпаңға құлап кетіп жатыр. Дивизион көзден ада болды.

— Олар вокзалға кетті, — деп Коля Колокольчиков баптана түсінік беруге кірісті. — Қашан жаттығу ойынына, қашан парадқа, ал

қашан тағы да қайда жөнелгенін мен олардың сайбарысталған түрлерінен білемін — деді.

— Біледі екенсің, үндеме! — деп Гейка оны тоқтатып тастады...

Бәрі де орын орындарына отырысты.

— Қыйсық көшенің басындағы № 24 үйдің бақшасындағы алма ағашын белгісіз балалар тонап кетіпті — деп Коля Колокольчиков көңілсіз түрде хабарлады. — Олар алма ағашының екі бұтағын сындырыпты және егулі гүлдерін таптап кетіпті.

— Кімнің үйі екен? — деп Тимур жылтыр тысты дәптеріне қарады. — Қызыл әскер Крюковтың үйі ғой. Былайғы елдің бақшасы мен алма ағаштарына бұрын маман болғандардан мұнда қазір кім бар?

— Мен, — деп қырылдаған дауыс шықты.

— Мұны кім істеуге тиіс?

— Мұны істеген Мишка Квакин мен оның «Фигура» атты қолқанаты. Алма ағашы-мичуринка, сорты — «алтын қаймақ» және алмалар талғап алынған.

— Тағы да Квакин, — деп Тимур ойға кетті. — Гейка! Сен онымен әңгіме жасап па едің?

— Жасағам.

— Не дестіңдер?

— Мен оны желкеден екі рет сыйладым.

— Ал, ол ше!

— Әрине, ол да мені екі рет соқты.

— Ой, шіркін ай, қашанда болсын сенікі — «сыйладым», «соқтым» болып келеді... Ал одан шыққан іштеме жоқ. Жарайды. Квакин жөнінде ерекше кеңесеміз. Айта беріңдер.

— № 25 үйдегі сүт сататын кемпірдің баласын атты әскер қатарына алынды, — деп түкпір жақтан біреу екілене сөйледі.

— Мә саған керек болса! — деп Тимур көкеген түрде басын шайқады. — Оның қақпасына біздің белгіміз қойылғанына үш күн бол-

ды ғой. Белгіні салған кім? Колокольчиков, сен-бісін?

— Мен.

— Сен болсаң жұлдыздың жоғарғы жақ үшкілі, қалақай сыяқты қыйсық бой шыққаны несі? Істеймін деп мойныца алған соң — жақсы істеу керек. Жұрт көреді де, күледі... Жарайды, әр қарай сөйлендер.

Орнынан Сима Симаков ұшып түрегелді де, бөгелмей заулата жөнелді:

—Пушкарёв көшесіндегі № 34 үйдің ешкісі жоғалыпты. Қарасам: бір кемпір бір кішкентай қызды ұрып жатыр. Мен оған: женеше ұруға — заң көтермейді, деп айқайладым. Кемпір жерге түкірді, ал қыз қаша жөнелді. Мен: неге ұрды сені? — деп сұрадым. Қыз: «Ешкі жоғалды», деді. Ал, кебенек келгір, ол қайда кетті екен? дедім мен. «Анау бұталардың ар жағындағы сайға қарай кетіп еді, қасқыр жеп қойған ба, ұшты-күйді жоқ», — деді қыз.

—Токта. Кімнің үйі?

— Қызыл әскер Павел Гурьевтікі. Қыз да сонкі, аты Нюрка. Оны ұрған қатынды кім деп атайтынын білмеймін. Ал ешкі қара жағал, сұр ешкі. Аты «Манька».

— Ешкіні табу керек! — деп бұйырды Тимур. — Төрт кісіден команда барады: сен, сен және сен... Кәне, айтып болдыңдар ма, балалар?...

— Көк жиектен Мишка Квакин көрінді, — деп сол арада бақылаушы айқай салды. — Көшенін арғы жарымен келіп жатыр. Алма жеп келеді. Тимур! Команда жібер, оны тоқмаштасын, не желкелесін.

— Керек емес! Бәрің де орындарыңда қалыңдар. Мен тез оралам.

Ол терезеден басқышқа секіріп түсті де бұтаның арасына жоқ болды. Ал бақылаушы тағы да хабарлай бастады.

Менің көзім жетер жердегі қақпа алдында, қолында құмрасы бар бір бөтеп бой жеткен қыз тұр. Ол сүт сатып алып жатыр. Бұл өзі дачаның иесі болса керек.

—Бұл сенің апан ба?—деп Коля Колокольчиков Женяны жеңінен тартты. Бірақ жауап ала алмаған соң, өкпеленкіреп қалды да сақтандыра сөйледі. — Байқа сен, оған бұл жерден айқайлаймын деп жүрмегейсін.

— Отыр! — деп Женя жеңін жұлып алды. —Сен де маған бастық болмақшысың...

— Соқтықпа Женяға! Ол сені тоқмаштап жүрер. — деп Гейка Коляні сықақ етті.

—Мені ме?—Коля қатты ызаланды. — Оның несі бар? Тырнақтары ма? Ал, менің бұлшық етімді көр. Міне қол, міне аяғымдікі...

— Женя сені қол-аяғыңмен қосып төмештейді. Балалар, дабырлама. Тимур Квакинге жақындап қалды.

* * *

Сындырып алған бұтағын бұлғалаңдатып Тимур Квакиннің алдын тоса жүрді.

Квакин мұны көрді де тоқтай қалды. Оның жалпақ бетінде таңданғандықтың да, қорыққандықтың да белгісі жоқ, басын қыйсайтыңқырап тұрып салмақпен:

— Амансын ба, комиссар? Қайда тарттың? — деді.

— Амансын ба, атаман? — деп Тимур оның өз сөзіне қарай жауап берді. —Саған жолығайын деп келем.

— Қонаққа қуаныштымын, бірақ сыйлар түгім жоқ. Мынау болмаса! — деп ол қойнына қолын тықтыда, алма ұсынды.

Тимур алманы алып, шетінен тістеп жатып: —Ұрлағансың ғой.—деді.

—Дәл өзі. Сорты — «алтын қаймақ». Бірақ бір келіспейтін жері — әлі пісіп жетпеген алма, — деп ол түсіндіре бастады.

—Ап-ашы,—деп Тимур алманы лақтырып жіберді. — Тыңда, сен жыйырма төртінші нөмерлі үйдің қорасындағы мынадай белгіні көрдің бе?—деп Тимур жеңсіз көйлегінің омырауына кестеленген жұлдызды көрсетті.

— И, көрдім, — Квакин сақтана бастады. — Туысқан, мен күндіз де, түнде де бірдей көремін.

— Ал ендеше сен күндіз деме, түн деме, егерде мынадай белгіні бұдан былай көретіп



болсаң, ол жерден басыңа ыстық су құйған-дай-ақ ат-тоңынды ала қашқайсың.

— Ой, комиссар! Сен қандай ыстық қандысын. — деп Квакин әрбір сөзін соза сөйледі, — сөйлестік қой, жетер енді.

— Ей атаман, сен қандай қыйқарсын, — деп Тимур даусыш нырыта жауап берді. — Ал енді, сендермен, біздің бұл әңгімеміз, ең соңғы әңгіме екенін алдымен өзің есіңе түй және барлық шайқана жеткіз.

Сырттан қарандардың еш қайсысы: сөйлесіп тұрған бұл екеуін, екі тату жолдас емес, бірімен бірі жау деп ойламаған болар еді. Сондықтан да құмыра ұстап тұрған Ольга сүт сататын әйелден: «Бұзақы Квакинмен сөйлескен мына бала кім?» деп сұрады.

— Білмеймін, — деп әйел шын жүрегімен жауап берді. — Өзі сыяқты бір бұзақы шығар. Тегі ол сіздің қорадан айналсоқтап шықпайды, қымбаттым, сен байқа: олар сіңліңді тоқмаштап кетіп жүрмесін.

Ольганың көңілі алаңдай бастады. Ол екі балаға жиіркенішті көзбен қарады да, террасаға өтіп құмыраны орнына қойды, сөйтті де есікті жауып, екі сағаттан бері үйге басын сұқпаған Женяны іздейін деп далаға шықты.

* * *

Қайтып келіп Тимур балаларға Квакинмен кездескендігі жөнінде әңгімесін айтты. Барлық шайқаға шарт қойып хат жазуға деп ұйғарылды.

Балалар үйшіктен секіріп түсіп қораның тесіктерінен, кейбіреулері тіпті қораның үстінен қарғып әр жақтары үй-үйлеріне тарай бастады.

Тимур Женяның қасына келді.

— Қалай? Енді саған бәрі де түсіпті ме? — деп сұрады.

— Бәрі де түсіпті, бірақ әлі де оңша емес. Сен маған ретімен түсіндір, — деді Женя.

— Олай болса төменге түсте менің соңыма ер, Апаң бәрі бір қазір үйде жоқ.

Тимур жәшіктен бір сопақ металды алды да, қалтасына салды.

Үйшіктен екеуі төменге түскен соң Тимур басқышты жерге құлатты. Күн кешкіріп қалған еді. Бірақ Женя Тимурға сеніп, оның соңына ерді.

* * *

Бұлар сүтші кемпір тұратын үйдің жанына кеп тоқтады. Тимур жан-жарына қарады. Жақын жерде адам жоқ екен. Ол қалтасынан, ішінде түрлі бояулары бар қорғасын сауытты алды да, жұлдыздың суреті салынған қақпаға жақын барды. Шынында да жұлдыздың үшкілдері, қалақай сыяқты екен.

Ол үшкілдерді батыл түрде жөндеп түзетті.

— Айтшы, бұл не? Мұның бәрі не екенін сен маған жайлап түсіндір, — деп Женя одан сұрай бастады.

Тимур сауытты қалтасына салды. Түйе жапырақты жұлып ап боялған саусағын сүрткі де Женяның бетіне қарап тұрып былай деді:

— Бұл — мынау үйдің адамы Қызыл Армияға кетті деген сөз. Дәл осы сағаттан бастап бұл үй біздің қарауымызда және қамқорлығымызда болады. Сенің әкең армияда емес пе?

Женя аптығып масаттап:

— Я, ол командир, — деді.

— Ендеше сен де біздің қарауымыздасың және қамқорлығымыздасың.



ЖҮЗІК

Б. ЕМЕЛЬЯНОВ

Қолыма қайдан түскенін білмеймін, менде ескілеу жүзік болушы еді.

Бір күні Аркадий Гайдар менің жүзігімді көрді де, оның көзіндегі әшекейлі оюларына ұзақ қарады.

Жүзік көзінің кемеріндегі шытырман оюлар қарауыта бастаған жасыл переземен бағдарланған еді де, жүзіктің қалың шеңбері көз кемеріне әбден қыюластырылып, жапсырылған болатын. Ұрысқа жарамды көзге ұнамды сауыттарды бір кезде осылайша соғып, әшекейлер еді ғой.

Әбден қызықса керек, Гайдар жүзікті менен алды да, өз саусағына салды.

Біз қала ішіндегі өз шаруаларымызға жүрмекші болдық. Бірақ, Гайдар жүзікті маған қайтармады. Арамызда есеп айырыспайтын достық шарт болатын. Демек, керек болған соң алған шығар. Не үшін, неге, қанша уақытқа аласың, деп сұрап жату бізге ұнамды әдет емес.

Қаланы ұзақ аралап жүргенімізде күнде кешке айналды, темекіміз де бітті. Гайдардың үйі Садовой көшесінде болатын, үйдің дәл алдына келгенде, біздің өтінішіміз бойынша шофер машинасын тоқтатты. Гайдар машинадан шықты да, дүкенге барды. Дүкен жанында екі бала тұр еді. Балалардың бірі Гайдардың саусағындағы жүзікті көрді де, екіншісі шынтарымен түртіп қойды. Олар аумақты жүзікке таңданып қарасты.


— Немене, қызығып тұрмысың?—деп сұрады Гайдар.

— Қызығып тұрмын,—деп жауап қайырды балалардың бірі сенімсіздеу пішінде.

— Тілесің салып жүруге берейін.—деп сұрады Гайдар.

Балалар үндеспеді.

— Бірақ, бұл қарапайым емес,—деді Гай-



«Немеке, қызығып тұрмысың?—деп сұрады Гайдар»

дар,—сыйқырлы жүзік. Егерде сендер қырық сегіз сағаттан кейін қайтарып бермесендер, мен зор бахытсыздыққа кездесем.

Ол жүзікті саусағынан шығарып алды да, абыржып тұрған үлкен баланың қолына ұстата салды. Темекі де сатылып алынды. Гайдар секіріп машинаға мінді, машина оршынап жедел жылжып жүре берді.

Мен жүзікті қыймадым. Артыма айналып қарадым. Балалар әлде не деп айқайлап, артымыздан жүгіріп келе жатты. Бірақ, бір зор ауыр жүк машинасы балалардың жолын кесті, біздің автомобиліміз бұрыштан айналып кетті.

Екі күннен кейін Гайдар маған телефон соқты.

— Егерде мүмкіндігің болса келіп кетші, мен көңілсізбін—деді Гайдар.

Мен келгенде Гайдар бөлмесінде ересілі-қарсылы қыдырып жүр екен. Немене болғандығын сұрап едім:

— Қырық сегіз сағат болып өтті, балалар әлі

жол, сіре сенің жүзің жоғалған-ақ шығар, — деді ақырын мұңайған дауыспен.

Біз Гайдармен ұзақ отырдық. Ол оршынап әлсін-әлсін ұшып түрегеледі де, терезеге барады, қақпаға көз тастайды, сағатына қарайды.

— Елу сағат. Елу екі, елу үш — дейді ол мазасыз сағатты санап.

Мен жүзікті де, өзімді де қарғаудамын. Гайдардың іреніш себебі түсінікті. Дұрысын айтқанда менің жоғалтқаным бір күміс ойыншық қана, ал Гайдардың шығыны аса зор.

Мен жүзікті қатерден шығаруға тырысамын. Бірақ, ол ұмыттар емес, бірнеше күндерге дейін мұңайып, ойланумен болды.

Бір күндері біз тағы да оның үйіне бардық. Сәуле көрсеткіш бізді баяғы көңілсіз уақытқа болып өткен темекі дүкенінің түбінде бетелуге мәжбүр етті. Аздан кейін көк сәуле көрінді де, алдағы машина жылжып бастады, біз ең соңы едік. Неліктен екенін білмеймін, мен айналып артыма қарадым, Садовой көшесінен өтіп бара жатқан жүк машинасын көрдімде, баяғы арты-

мыздан жүгіріп келе жатқан балаларды, Гайдарды, жүзікті еске түсірдім...

— Аркадий, — дедім мен, — тоқта. Саған күміс ойыншықты қай жерге әкелмек еді. Сен оларға адресіңді беріп пе едің.

Бұдан кейін де бір қыдыру мезгіл өтті. Мен Гайдарды ешқашан ұмыттар емен. Ол менің қолымды алды да, қатты қысты, мен жаным батқанлықтан айқайлап жібердім.

— Демек солай екен ғой, — деді ол, — демек солай екен-ау, мен аңқау адам болдым, күттім оларды, ал олар мені күтуде, мүмкін, елу үш сағат қана емес, тіпті оданда ұзақ күткен болар. Мүмкін олар қазірде де мені іздеп жүрген шығар.

Гайдардың жүзіне бахыт күлкісі пайда болды. Ол шынында сыйқырлы жүзікті алған кішкене сәбилер бүкіл қаланы кезіп, Гайдарды іздеп жүр-ау деген топшылауға сенуге тырысты... Егерде шын солай болса, ескі жүзіктің оларға бахыт болғаны ғой.

Ч Е М О Д А Н

Октябрь темір жолы бойында Поваровка деген бір станция бар, сол станцияға таяу орман арасында бір балалар үйі болар еді, ол 8-март атындағы балалар үйі деп аталынар еді. Қазір ол балалар үйін таба алмайсыз, өйткені, Москваға таяу келген немістер балалар үйін қора-қопсымен бұзып, өртеп, ағашын тып-тыйпыл ғып қыйып алған.

Әлгі балалар үйіне бару үшін егерде Москвадан шықсаңыз станциядан түскеннен кейін солға, егер Клин қаласынан шықсаңыз оңға бұрылу керек еді. Аркадий Гайдар ол жылдары әрі Москвада, әрі Клинде тұрар еді. Москвада дем алар еді де, Клинде жұмыс істер еді, екі ортаға ерсілі-қарсылы жиі-жиі жүріп тұрар еді. Сондықтан әлгі балалар үйіне бару үшін оған оңға да, солға да бұрылуға тура келетін.

Москвадан Клинге дейін үш-ақ сағаттық жол, бірақ Гайдар сол қысқа жолдың өзіне кейде екі, кейде үш күн жүрер еді. Поваровкаға жетіп поездан түседі де, балаларға қонаққа барады. Гайдардың осындай кездейсоқ келуін балалар мейлінше ұнатар еді, әр қашанда қуанысар еді: ұзақ уақытқа келдіңіз бе, Аркадий Петрович? деп сұрар еді. Бірақ, қанша уақытқа



— Сіздің өзіңіз соншама әйгілі болсаңызда, чемоданыңыз осыншама жұпыны болуы неліктен?

келгендігі — зор «сорыс құпиясы» болатын, ол құпияны Гайдардың өзі де білмес еді. Егерде балалар аса бұзақыланбаса, жұмысқа бөгет болмаса, ол кейде екі-үш күн, кейде одан да көбірек тұрып қалар еді. Содан кейін ретіне қарай не Москваға, не Клинге жүріп кетер еді.

Бір жылы жазда Гайдар Поваровкада қонақ болып, үш күн тұрып қалды. Төртінші күні ерте-

мен тұрды да, күн көзіне, қайындарға қарады. Содан соң балалар үйінің директоры Соколов жолдасқа құпиялап: үйдегі кубанка бөркін, шинелін, чемоданын әкеліп беруді айтты. Пәрселер әкелінді, Гайдар балалар шуылдамасын деген оймен, сыбырын ешкімге сездірместен станцияға жөнелді.

Бірақ, Поваровкадан ешкімнің көзіне түспей кету онша оңай емес еді. Ол аллея бойымен жүз адым жүріп те үлгірмеді, қайың арасынан: Гриша, Петя, Энка деген балалар жүгіріп шыға келісті, олардың соңдарынан тәрбиеші Аня жүгіріп келе жатты.

— Я, ұстадық! — десті балалар, Гайдарға қарай жүгіріп.

— Мен сіздерді ұстадым тентектер, — деді Аня балалардың соңынан жүгіріп.

Мұны көргеннен кейін Гайдар тұра қалды да, балалардың үшеуін қатарынан кең құшағына қысып алды.

— Олай болса не шара, сендер бір-бірінді ұстаған болсаңдар, мен сендердің бәріңді түгел ұстадым, — деді Гайдар, — Бірақ, айқайламаңдар, шуламаңдар, секірмеңдер. Ұзатушылар алға жүріңдер. Москваға барамын. Оркестр «Отанымды сарыңдым» маршың ойнасын.

Гриша мен Петя аллея бойлап жүгіріп кетті. Аня Аркадий Петровичпен қатар жүрді де, Энка Гайдардың үш жерден брезентпен жамалған келісімсіздеу чемоданын қос қолдай көтеріп, еңті-

гіп артта келе жатты. Энка тырысқандықтан еңтігіп келе жатыр. Гайдардың чемоданында сабын, беторамал, тіс жуар щеткадан өзге ешнәрсе жоқ еді.

Олар станцияға да жетті.

Жақындап қалған поездың түтіні ағаш арасынан шудаланып, көріне бастаған кезде Энка өз жолдастарымен сыбырласты да, шашы тақырлап алынған басын ілгері ұсынды.

— Аркадий Пи-пи-нитрович! — деді ол тұтырып, — сіздің езіңіз соншама әйгілі болсаңызда, чемоданыңыздың осыншама жұпыны болуы не-ліктен?

Балалардың үшеуі де не жауап берер екен дегендей аңырып қарасты.

Гайдар сәл ойланып қалды, ал, тәрбиеші Аня қызарып теріс айналды. Бұл кезде поезд станцияға тіпті жетіп-ақ қалған еді. Гайдар үш баланың шаштары тақырланып алынған төбелерінен кезек-кезек сыйпады да, тәрбиеші Аняның қолын қатты қысты.

— Налыма да, көңілсізденбе де, Энка, — деді ол, — егерде менің чемоданым даңқты болып, өзім нашар болсам қорлық болар еді ғой... Сені мен біздің ісіміз әскери іс, бахыт чемоданда емес.

Гайдар секіріп вагон баспалдағына шықты, поезд жылжып жүре берді.

Энка терең ойға шомып, платформада ұзақ тұрды.

Аударған Ә. Сәрсембаев



Туған жер

Ж. ӨМІРБЕКОВ

Көз алдымда жатыр жайнап,
Туған жерім-кең далам,
Көкейімде тұрсың сайрап,
Гүл жазира-сай-салам.

Жүрмін міне құшағыңда
Еркіндікте еркелеп,
Сыйпатыңа құмарлана,
Аяна кірдім ентелеп.

Жүрегімде жүресің сен
Туған жерім-езгі анам,
Ең қымбаттым сенсің маған,
Сені сүйген мен балаң.

Бойымдағы жігер-қуат
Бір сен үшін туған ел.
Жолыңда сенің жанқыяр
Мен қажымас жауынгер.

Әрбір пионердің іскерлік қаблетіне, белсенділігіне кең жол берілсін

Н. АХМЕДОВА

ҚЛКЖО Орталық Комитетінің мектеп және пионерлер жұмысы жөніндегі секретарі

Быйыл оқу жылының басында БЛКЖО Орталық Комитеті пионер ұйымдарында сайлау тәртібін енгізу туралы қаулы қабылдады. Отряд және дружина штабтары орнына отряд, дружина советтері сайланды. Пионер ұйымдарында бұйрықпен жұмыс істеушілік жойылды.

Звено вожатыйлары, отряд, дружина советтері бір жылға сайланады. Олар өздерінің жұмыстары жөнінде пионерлердің алдында мезгіл-мезгіл есеп беріп отырады.

Пионер ұйымдарында сайлау тәртібін енгізу ісі пионер жұмысын бұдан былайғы жерде негізінен жақсартуға бағытталған шара болып саналады.

Жас пионерлердің коммунистік балалар ұйымы-өздерінің ықтыярына, өздерінің күштерімен жұмыс істейтін совет балаларының көпшілік ұйымы. Пионер ұйымдарындағы тәлім-тәрбие жұмыстары түр мазмұн жағынан әртүрлі және балаларға түсінікті, қызықты болуға тиіс. Отряд пен дружиналарда жүргізілетін жұмыстар балалардың бойындағы іскерлік қаблетін өрістетіп отыруы керек және әрбір пионерді ұйымдастырушы болуға баулуы керек. Пионердің ұраны: «Пионер — көпке үлгі». Әрбір пионер жүріс-тұрысымен, мінез-құлқымен көпке үлгі болумен қатар, қай жерде болмасын ол балалардың нағыз ұйымдастырушысы, жетекшісі болуы тиіс. Әрбір пионердің ұйымдастырушылық қаблеті балалар арасында өз бетімен жұмыс істегенде толық жарыққа шығады. Пионер ұйымдарында балалардың өз ықтыярына күштерімен жұмыс істеуін дұрыс ұйымдастырсақ бұл жас жеткіншектеріміздің білімді, саналы азамат болуына себепші болар еді. Сондықтан да пионер вожатыйлары әрбір пионерге өзінің іскерлік қаблетін, талантын толық жарыққа шығаруына кең жол беруі хажет.

Пионер вожатыйы ешқашан пионерлерді өзіне арқа сүйетпеуі тиіс, пионерлердің өздерінің қолынан келетін жұмысты ол өзі істемейтін болсын. Пионерлерді бір істі өз бетімен тындырып тастауға баулу керек. Әрбір пионер тұрмыста кездесетін алуан-алуан қиыншылықтарды жеңе білуді үйренсін. Пионер ұйымдары жас ұрпақтарды мәдениетті, сауатты, өз отанына шын берілген қажырлы, қайтпас ұлан етіп тәрбиелеуде мектепке, мұғалімге жақсы жәрдемші болуы тиіс.

Пионер ұйымдарында сайлау және есеп беру тәртібінің енгізілуі пионерлердің өз ықтыярына өз күштерімен жұмыс істеуін батыл өрістетуге, олардың іскерлік қаблетінің кең құлаш жаюына көмектеседі, пионер ұйымдарының жұмысын ұйымдастыру жағынан нығайтуға көмектеседі. Бұл жағдай сонымен қатар звено вожатыйларының от-

ряд, дружина советі председателдерінің пионер ұйымдарының жұмысы үшін пионерлердің алдында жауаптылығын арттырады.

Пионер ұйымы оқу жылының алғашқы күндерінен бастап өз жұмысын мектептегі балалар үйіндегі барлық оқу-тәрбие жұмысына сәйкестендіре отырып жоспармен жүргізгені жөн. Бұл үшін әрбір звенода, отрядта, дружинада жұмыс жоспары жасалуы тиіс, ол жоспарда әр пионерді қызықтыратын ісі, талабы көрсетілуі хажет. Звеноның отрядтың, дружинаның жұмыс жоспарында пионерлердің өздерінің күштерімен қойылатын сауық кеш пен үйірмелерінің жұмысы, саяхатқа шығу, пайдалы қоғам жұмысына ат салысу сияқты істердің көрсетілуі аса хажет. Отрядтың жұмыс жоспарын класс жетекшісі қарап шығады, ал дружинаның жұмыс жоспарын комсомол комитеті мен мектеп директоры бекітеді.

Пионер ұйымдарының жұмысында мұғалімнің атқаратын қызметі өте зор. Әрбір звено вожатыйы, отряд вожатыйы жолдастарының сенімін ақтағысы келсе, пионер ұйымының жұмысын жақсартуға тырысса, класс жетекшісімен, мұғаліммен күнбе-күн ақылдасып отыруы тиіс.

Комсомол комитеті барлық мұғалімдермен, аға вожатыймен бірлесе отырып, пионер активтерін батыл өсіруі, тәрбиелеуі керек. Пионер активі вожатыйдың ең жақын көмекшісі.


Вожатый пионер активіне сүйенгенде ғана, балалардың белсенділігін, іскерлік қаблетін барынша өркендетіп отырғанда ғана пионер жұмысы жақсы жолға қойылады.

Партия мен үкметтің совет мектебі алдына қойып отырған міндеті орасан зор. Республикамыздың пионер ұйымдары бұл міндетті орындауда мұғалімдерге барынша көмек көрсетуі тиіс.



ҚАСКЕЛЕҢ ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІНДЕ


Дружина советінің председателі Р. Әлімқұлова аға пионер вожатыйы Мария Мақатоваға рапорт беріп тұр.



ЕРТЕГІ — АҢЫЗ

М. М. ПРИШВИН

Суреттерін жасаған В. Лебедев



Михаил Михайлович
ПРИШВИН

Михаил Михайлович Пришвин 1873-жылғы, 5-февраль күні, Орлов облысындағы Елец қаласына таяу жерде туды.

Жоғары білімді Ригадағы политехникалық институттан ала бастап еді, бірақ төңкерісшіл үйрмеге қатысқаны үшін тұтқынға түсіп қалды. Абақты мен айдауды өткерген соң, шет жерде — Лейпциг қаласында оқыды. Сол арада университет бітіріп, агроном болып шықты. Өзіміздің елге қайтып келіп, біраз жылдар агрономдық қызмет атқарды.

1905-жылдар шамасында М. М. Пришвин өзінің төл жолдасы — агрономдықпен мүлде қош айтысады. Содан бері сүйгені де, кәсібі де көркем әдебиет болады.

Содан бері жылдан-жылға шығып жатқан Пришвиннің кітаптары — «Бауырсақ», «Қап-қара арап», «Жень-шень», «Аңшылық туралы және балалар үшін әңгімелері» және «Тоғайдағы тамшы» дейтін өлеңдер жыйнағы.

Әдебиеттегі осындай күрделі еңбектері үшін ол «Хурмет белгісі» және «Еңбек Қызыл туы» ордендарымен наградталған.

«Күн қоймасы» — деген әңгімесі 1945 жылғы ең жақсы балалар кітабы конкурсында (жарысында) озып шығып, бас бәйгі алған болатын.

Бұл ертегі — аңызды тек балалар, жас өспірімдер ғана емес, сонымен бірге үлкендердің өзі де сүйіп оқиды.

Переславль — Залесский қаласы жағызда, Тентек саздың маңындары бір қыстақта екі бала жетім қалды. Олардың шешесі аурудан қаза тауып, әкесі Отан соғысында қайтыс болды.

Біз осы ауылда тұрушы едік. Балалармен арамызда бір-ақ үй барды. Басқа көршілермен бірге, оларға әл келгенше көмектесуге, әрине, біз де тырысып бақтық. Өздері де үріп ауызға салғандай, сүйкімді балалар еді. Настя, көрсеңіз: сары уыздай әдемі, құлыншақтай сүйкімді, тұрған бойы сары алтын. Шашы құрымдай қоңыр да емес, ащы сүйкілт сары да емес, күрең тартып, алтындай нұрланып, төгіліп тұратын еді. Бетінің теңбіл-теңбіл сарғыштары бір тыйындық бақырдай дөп-дөңгелек, үп-үлкен, жұлдыздай жін-жың еді. Теңбілден аман қалған мұрны ғана аршыған жауқазындай тап-таза боп, жоғары қарап тұратынды.

Митраша апасынан екі жасы кіші еді. Мұның жасы жаңа ғана оннан әрі қарап барады. Бойы сағанақтай қысқа болатын. Тапал болғанмен, денесі қорғасындай маңызды, шымшып тіккен қаптай толық, шымыр еді. Бала болса да мандайы жырта қарыс, шүйдесі тоқпақтай, пішіні кеп-кесек, еомдап соққан маңғаз болатын.

Мектептегі мұғалімдер қызық көріп, өзара күлісіп: «Торсықтай жігіт» дейтін оны.

«Торсықтай жігіттің» де бет жағы тарғыл секпілден көрінбейді. Өңшең теңбіл арасында мұрны ғана тап-таза боп жоғары қарап тұр, — апасының мұрны сыяқты.

Әке-шешелерінің артында қалып, қос жетімнің қолына тиген шаруасы: бес қабырғалы ағаш үй мен Шұғыла дейтін қызыл сыйыр, Қырмызы деген қызыл бұзау, Ебелек атты өшкі, аты қо-

Ылмаған біраз саулықтар мен тауықтар, Петя дейтін алтын әтеш, Томар дейтін торай еді.

Онымен бірге, байғұстардың сыбағасына барлық қора-қопсы, мал-жанның қамы, күту азабы қоса тиіп еді. Бүкіл бір үйдің ауыр-салмағы екі кішкене балаға түсті. Алайда, біздің балалар Отан соғысының зіл-қаратас, ауыр күнде-үінде ауыртпалықтың мұндайын ғана көріп пе, — мұнан да ауырды көтермеп пе еді! Әлінде біз айтып едік қой, әуел кезде жетімдерге қол ұшын беріп, жәрдем етуге алыс атадан қосылатын ағайындары мен жанашыр көршілері — бәріміз де қол үзбей келіп жүргенбіз. Бұлар ынтымақты, ақылы бар екі бала ауызымыздан шыққанның бәрін екі айтқызбай ұғып ала берді. Бала болса да олар байыпты, бір түрлі зирек, тату балалар екен. Үйдің барлық шаруасын лезде-ақ үлкен адамша баурап әкетті.

Мұндай бала болса да, дана болып тұғанды кім көрген! Зәредей қолдары босап кетсе, барып қоғам жұмысына қосылып жатқаны. Бұлар кірмейтін майдан жоқ: колхоз өгіні ме, пішені ме, мал қорасы ма, жыйналыстар ма, әлде танк өткізбес ор бар ма — бәрінде де бұл екеуінің бастары қылтылдамай жүрмейтін.

Басқа жерден келсек те, осы ауылдың біз білмейтін сыры жоқ, әр үйіне шейін жақсы біліп болып едік. Енді көзіміз жеткен бір нәрсені айта берсек те болар. Жасыратыны жоқ, біздің, осы қос қалқадай ынтымақпен іс істеп, бал жаласып өмір сүріп, отының басын қоңырсытып отырған исі бір ауылда бірде-бір үй болған жоқты.

Настя, марқұм шешесі сыяқты, күн шығардан әлде-қайда бұрын, алакөбе-таң сәріде тартылған малшының сырнайымен ілесіп тұрып жүргені. Тұра салып, қолына бір ұзын шыбықты алады. Жанындай жақсы көретін жануарларды өріске айдап салып, ізінше домалаңдап үйіне қарай жытады. Келе-сала қайта жатып ұйықтау жоқ: пешті маздатып жағатын, картофты аршыйтын. Буын бұрқыратып, бүлк еткізіп түскі астарын пісіретін. Сөйтіп түнге шейін біртұным жоқ, бірінен соң бірін ұқсатып шаруасымен машақаттанатын да жүретін.

Митраша әкесінің тірі күнінде ағашшылық өнерін үйреніп алған еді: кіші-кірім бөшке, күбі, жайнақ шелек, ағаш леген, астаушаларыңызды жасай беретін іскерлігі бар. Өзінің ағаш жонатын үлкен тұтқалы сүргісі де, ладило*) дейтін, өзінен екі есе ұзын қыюластырғыш аспабы да бар еді. Сол қыюластырғыш аспабымен бөшкенің тілтақталарын бір-біріне сұрыныс-

* Ладило — Иванов облысы Переславль ауданындағы бөшке жасайтын аспап.



тырып, қабыртқадай қалап, жымдастырып, ағаш я темір шеңбермен құрсаулап тастайды.

Сыйыр барда ыдыс сатып, базар сауып, ағаш емерліктей, екі баланың тілін тістеп аш отырған кездері болған жоқты. Әйткенмен мейірбанды адамдардың әр қайсысы өздері келіп:

— Қол жұғыштың астына қоятын ағаш леген, жайнақ шелек керек еді, бір бөшке керек болып тұрғаны. Қыяр я самрауқұлақ салып тұздайық десек, ыдыс жоқ, бір жайнақ күбіше жасап берсең деп едім;

— Үйге қойып гүл өсірейік деп едік, әлгі бір араның дүзіндей ағаш тістері бар жайнақ ыдысты жасап берші, қалқам — деп сұрайтын еді.

Митраша, жұрттың сұрағанын істеп береді. Жұрт та жақсылығын жақсылықпен өтейді. Мұнымен отырмай қоғам жұмысына қатысады. Болашақ өмірінің үлкен үмітіндей, мақсатындай көріп, қызыға, құмарта қатысады. Жыйналыс болса қалмайды. Қоғам мүддесін, көптің қамын ойлау қалай болады екен, — соны білгенше асығады.

Настяның Митрашадан бір-ер жасы үлкен болғаны мұндай әбүйір болар ма, әйтпесе ол, апасына бойсұнбай, менсінбей; даңдайсып ырық бермей көтер еді; сөйтіп екеуінің өмірінде қазіргідей достық, қазіргідей ынтымақ, ұйымшылдық, қазіргідей жан сүйсіндірген теңдік те түгелдік те болмас еді. Соның өзінде де Митраша кей-кейде апасын үйреткісі келетін. Әкесі шешесін оқытып отыратынды. Сол есіне түсіп,

әкесіне еліктеп қояды. Бірақ, апатайы онысын елөң құрлы көріп тыңдай қоймайды; қарап тұрып, құр ғана жымыяды... «Торсықтай жігіт» оған жатып ыза болады, кісімің шала бүлінеді, және әрдайым мұрынын көтеріп:

— Қарай көр мұны! — деп қояды.

Онда апасы:

— Немене-ей, сенің кісімің тұрғаның! — деп інісінің көкейіндегі жұмбағын шешіп, тыйып тастайды.

Митраша тұрып:

— Өй-д-ө-ит дерсің! Кісіміңген сенен өтіп маған кеп пе, Настя-ау? — дейді ашу шақырып.

— Жоқ, дәл сен қоқандап тұрған!

— Өй-д-ө-ит дерсің!

Осылайша, қыңырлау інісін ептеп тулатып-тулатып алып, артынан асауды үйреткендей, басынан сыйпайтын Настя. Апасының сүйріктей, сүй-сүйкімді кішкене саусақтары майда-жібек лебімен басынан сыйпап өтсе болғаны, інісінің ашуы тарқап, інілік сабасына қайта түсетін.

Осы кезде апасы:

— Келе-ғой, екеуміз бірге арам шөп жұлайық, — дей қоюшы еді.

Сонда інісі де қыяр я картоф өгісінің арам шөбін жұлысам деп көне қоятын. Не болмаса қызылшаның топрағын баптау үшін кетпен алып, оны қопсыта бастаушы еді.

II

Жеп қарасаң, ауыздан құмар суын тамызғандай қышқылтым, денсаулыққа да мыңда бір ем, жидек дейтін жеміс жазды күні сазды жерге шығады. Жұрт оны әбден күз ортасынан ауғызып барып жыйнайды. Тіпті жазды күні де қозғамай, бір қыс қар астында жатып шыққан соң терсе, жидек-жидектің ең төресі еді, біздің жақ айтпақшы, ең тәттісі сол болар еді. Бірақ бұл сырды жұрттың бәрі біле бермейтін.

Быйыл жазғытұрым қою шыршалы қара көк орманның қары апрельдің аяғына дейін де тепсіместен келіп еді.

Саздау жерде әрдайым жылырақ келетін әдегі ғой: бұл кездерде Тентек сазда тоқымдай да қар жоқты. Осы жайдың бәрін ел аузынан естіп білген Митраша мен Настя жидек төруге барғалы жыйнала бастады. Тіпті Настя алақөлеңкеден ұйқысынан тұрып, малдары мен тауықтарына жем төкті. Митраша әкесі марқұмның «Тулка»*) дейтін қосауызын, шылға себетін қыйыршық жем алды. Құбыланаманы

да ұмытпай қоса алды. Кешегі бір күндерде әкесі де орманға барғыш еді, барған сайымы осы құбыланаманы есте жанынан тастамаушы еді. Сонда:

— Сен өміріңде тоғай аралаумен келсең, саған орманның ойы-қыры бес саусақтай белгілі ғой. Енді осы құбыланаманы қайте берсең? — деп талай рет сұраған да болатын Митраша.

— Оның мәнісі бар, Дмитрий Павлович, — дейтін әкесі — Тілсіз мылқау орман ішінде бұл құбыланама шешеннен де мейірімді. Кейде ашық аспанды қара бұлт қаптап, дүниенің сұлу жүзін көзден жасырып кететін кез болады. Сонда жайшылықтағыдай орман ішінде күн арқылы құбыланы айыра алмайсың.

Бет ауған жаққа «нар тәуекелге» кете барсаң, шатасасың, адасасың, ашығасың. Сондай шақта осы құбыланаманың тіліне қарай қойсаң: ол саған тіл қатады, үйіңнің қайда екенін көрсетеді. Сол тілдің көрсеткенімен жүрсең еліңді тауып, есіңді жыясың. Қысылшан жерде бұл құбыланаманың осы тілі досыңнан да сенімді. Дос айнып қалып, алдап кетуі мүмкін. Ал бұл тіл қашан болса да, қайда барсаңда, қалай құйқылжытсаң да айнымайды, танбайды: Солтүстіктен бұрылмайды, нұсқап: «әні солтүстік» дейді де тұрады.

Бұл керемет заттың тілін жүргізіп көрді де, жолшыбай, бұзылып қалмасын деп бекітіп қойды. Сонсоң, тап әкесіміңе, қағаздай қаттап шұлғауын орап, аяғын өтігіне сұғып, басына қалпағын киді. Қалпағы сондай кескіңсіз еді, оның үстіне тозығы жетіп, сыйқы онан жамаң кетіпті. Маңдайдағы қатырғысы қақ жарылып, жоғарғы ерні көк тіреп, төменгі ерні жер тіреп, көзін жауып, мұрына келіп төшіп тұр. Үстіне кигені де әкесінің ескі шолақ бешпенті еді.

Баяғыда бір сүйегі жақсы матадан еді деме-сеңіз, қазір бешпент сәндігі жоқ: құр жұрнағы ғана, дәлін айту керек, серейген жағасы ғана. Бой-бой болып кеткен етек-жеңнің өрімдері осы жағаға келіп, ілініп, иек артып тұр. Митраша бұл өрім-өрім етегін қаршының тұсынан шүберек белбеумен шарта буынып, шандып алды. Сонда әкесінің шолақ бешпенті баланың қара бакайына дейін жауып, жерде сүйретіліп жатты. Беліне балта қыстырып, дорбасы мен құбыланамасын оң ыйығына асынып, қосауызын сол ыйығына көлбетіп арта тастап еді. Ұшқан құс, жүгірген аңның зәресін ұшыратып құбылықтай қорқынышты болып көрінді.

Настя да жыйналып-теріліп үлкен жорзинкасың орамалмен байлап, ыйығына салып алды, Митраша оған:

* Тула қаласындағы атақты мылтық заво-дында жасалған мылтықты орысша «тулка» дейді. — Ислам Ж.



— Орамалды қайтесің? — деді.

— Қайткені қалай? Адамның саңрауқұлақ теруге қалай баратынын сен білмеушімең? — деп жауап қайырды Настя.

— Е-не, саңрауқұлақ арқалаймын десенші. Жәңсіз көп білесің-ау өзің тіпті: саңрауқұлақтан көп неме жоқ, өйтіп арқалай берсең, ыйырыңды қыйып кетер.

— Айта берсең, арқалайтын жидегіміз одан да көп, онда қайтесің — деді Настя.

Митраша бұған өзінің баяғы «өй-дө-ит дерсің!» жаңа ғана айтайын деп келе жатыр еді. Аңада, соғысқа кеткелі жатқанда, жидек туралы әкесінің бір айтқаны есіне түсіп кетіп, айтқызбады. Оның орнына:

— Сенің есінде бар ма, әкем бізге орман ішінде палестина*) бар демей пе еді. Жидек туралы да айтқаны қайда еді? — деді Митраша.

* Палестина деп орман ішінде болатын тамаша жерді атайды.

— Жидек туралы айтқаны есімде: бір жер бар. Онда жидек аяғының астында төгіліп жатады дегенді. Бірақ палестина деген не? — ол жөнінде айтқанын естігем жоқ. Қара жылым деген бірқорқынышты жер барын айтқанын да білем, — деді Настя.

— Бәрекелді, тап сол жылымның қасында палестина да бар. Әкем бізге: Жал төбеге барыңдар, сонсоң солтүстікке бет түзеңдер, алдарында Жаңғырық төбе бар. Одан орман тура солтүстіктен көз жазбаңдар — қарсы алдарында жайнап жатқан палестинаны көресіндер. Ол жердің беті қызыл өрттей қарға тамған қан сыяқты болып жатады. Соның бәрі бір ғана жидектің қызылы. Өзіне ешкім әлі барған жоқ, — деген еді ғой, — деп лепірді Митраша.

Митраша мұны айтқанда өзі есіктен шырып бара жатқанды. Кешеден тұрған бір құмыра піскен картоф бар еді. Осы есіне түсіп кетіп Настя әңгімені қоя тұрып, жып етіп пештасасына кіріп кетіп, құмыраны корзинкасына теңкере салды.

Настя ішінен: «Кім біледі, әлде адасқандай боламыз ба? Нанды жеткілікті ғып алдым, бір бөтелке сүтіміз бар. Картоф та бір керекке жарар» деп ойлады.

Әпкем тыңдап тұр екен деп ойлап, бұл кезде Митраша палестинаның кереметі жайындағы әңгімесін әлі айтып жатыр.

— Палестинамен орта жолда Қара жылымның бары рас, оған талай адам, талай сыйыр мен ат мәңгі батып кетіп, науыт болған.

Бір уақытта Настя келіп:


— Сонымен палестина деген не өзі? — деп сұрады. Митраша сонда ғана сөзіп:

— Бағанадан бері не тыңдадың? — деп шап берді.

Сөйтті де ол жүріп бара жатып, ерінбестен жан бармаған, ешкім білмейтін палестина туралы, онда өсетін тәтті жеміс — жидек туралы әкесінен не естісе бөріп Настяға қайта айта бастады.

(ЖАЛҒАСЫ БАР)

Еркін аударған И. Жарылғапов



Кешіккен Концерт

Д. СНЕГИН

Суреттерін жасаған Н. Ходжик 28

Панфилов атындағы 8-гвардиялық атқыштар дивизиясы—қазақ халқының мақтанышы. Бұл дивизия республикамыздың астанасы—Алматыда құрылды. Оның қатарына қазақ, Орыс, украин, қырғыз халықтарының батыр ұлдары алынды.

Дивизияны неміс-фашист басқыншыларына қарсы ұрысқа дайындаған, оның жауынгерлері мен офицерлерін шынықтырып, тәрбиелеуші қарт чапаевшы, Қазақстан генералы Иван Васильевич Панфилов болды.

Қызыл Армияның Жоғарғы Бас командованиесі бұл дивизияны ең қыйын және жауапты учаскелерге жіберді. Дивизия Отанымыздың жүрегі — Москва қаласын қорғауға қатысты, Калинин майданындағы сұрапыл ұрыстарға араласты. Майданның қай учаскесінде де болсын дивизия батырлықтың, ерліктің және қаһармандықтың үлгілерін көрсетті. Өз отанына шын берілгендігін қанды соғыста дәлелдеді.

1941 жылдың ноябрь айында Москва түбіндегі ұрыстарда бұл дивизия өздерінің асқан ерліктерімен дүниені таңқалдырды. 28 гвардияшы — панфиловшылардың ерлігі мен батырлығы совет халықтарының жүрегінде мәңгі сақталды.

Жоғарғы Бас қолбасшы Советтер Одағының Генералиссимусы И. В. Сталин жолдас дивизияның жауынгерлік істерін аса жоғары бағалады. Қызыл Армияның алғашқы құрмалары қатарында оған 8-гвардиялық атқыштар дивизиясы атағы берілді.

Кейінгі болған ұрыстарда да панфиловшылар өзінің жауынгерлік даңқын арттыра берді, оның гвардиялық туы үш жауынгерлік орден: Ленин ордені, Қызыл ту ордені және II-дәрежелі Суворов ордендарымен безелген. Отыздан аса ержүрек панфиловшыларға Советтер Одағының Батыры атағы берілді. Олардың ішінде генерал-майор Панфилов, майор Мәлік Ғабдуллин, саяси жетекші Василий Клочков және жауынгер Төлеген Тоқтаровтардың жауынгерлік даңқы мен хасиетті есімдері бүкіл елімізге белгілі.

Быйылғы жылы неміс-фашист басқыншыларының Москва түбінде талқандалуына бес жыл толады. Советтік Қазақстанның адамдары Москва түбінде неміс сұрқыяларын талқандауда үлкен еңбек сіңірген 8-гвардия дивизиясы және оның батыр жауынгерлерін мақтаныш етеді.

Біз қаланы темір құрсау салғандай қоршап алып, дұшпанның қаладағы үлкен гарнизонын қамаш жатқанымызға үш ай болған. Неміс авиациясы үш айдан бері түн сайын қоршауда қалған адамдарына азық-түлік, оқ-дәрі, неше түрлі бұйрық-жарлық әкеліп тастап кетіп жүрді. Біз де үш ай бойы жау самолеттерін атып түсіруде болдық. Сөйтіп, қаладағы үйлердің астымен қуыстарына тығылған неміс солдаттарын жау самолеттерінің қорғауына мүмкіндік бермей отырдық.

Еске түсірейікші, — бұл 1942 жылдың қарсаңы еді; ол кезде гитлершіл Германия алты ауызды минометтерін аңдатып, тез жеңе қоямыз деп даурыққан болатын. Холм қаласы тас жолдардың түйіскен жерінде, қатынастық маңызы күшті орынға салынған қала еді. Сондықтан олар, желөкпе фюрер ол қаланы бір солдат қалғанша бермей, ұстап тұруға бұйрық беріпті... Қақпанға түскен барлық немістерге басшылық еткен фашистердің белгілі қорқау қасқыры генерал Шерер болатын.

Шыны айтқанда, біз сол жаңа жыл алдындағы аязды күнде өзіміз үшін емес, сол генерал Шерер үшін жаңа жыл «салтанатын» әзірлеумен шұғылданулы едік.

Жаңа жыл басталып, оның алғашқы сағатының соғуын күтіп, біз қарағай басында, қалың бұтақтардың арасында үн қатпай отырдық. Уақыт тым баяу өтіп жатты. Төңірек тым-тырыс, сақылдаған аяз. Біз сабырсызданып шылым тартуды аңсап отырмыз. Бірақ шылымы құрғыр жоқ еді. Темекі мен трубка мүлдем есімізден шықпай, аңсарымыз соларға ауды да отырды. Соловьев қалтасынан махорка салып бос қалтасын алып, мұрнына әкеліп тосты да, маған иек қакты. Мұнысы маған: «Ніскеніз мына темекіні, көңіліңіз біраз сергір» дегені еді.

Бірақ дәл осы кезде гүрілдеген бір күшті дауыс ауық-ауық естіле бастады. Неге екенін осы күнге дейін білмеймін, мен әйтеуір дәл сол мезетте қалтамдағы цифрлары түнде жарқырап көрінетін сағатымды алып қарадым. Артиллеристерше айтқанда уақыт 23.03 екен. Сонда барып бүгінгі түннің әдеттегі түндерден ерекше екенін аңғардым: Қас қарая фашист самолеттері Холм қаласының үстінде қара құсша айнала ұшып, өз әскерлеріне керек заттарды тастап жететін, бүгін жаңа жыл алдындағы түнде самолет көп уақытқа дейін көрінбеді.

Бұнысы қалай деп отырған кезде самолеттің гүрілдеген даусы естілді. Жаудың ордасында ойран жасап, оны тығылып жатқан жерінен аязға айдап шығу үшін біз әуелі жаудың үстіне жарық беретін екі снаряд атпақшы болдық.

Уақыт болды. Мен телефон трубкасын алып, микрофонына ернімді таяп тұрып команда бердім:

— Жарық сәуле шапатын снарядпен атыңдар! — деп бұйырдым.

Көздеген нысана жапына барып снарядтың жарылуын күткен, секундпен саналатын бұл уақытта ерекше қызықты соғыс кезінде қысқа уақытта, қауырт, кенет айтылған ату командасын мен әлденеше рет бердім.

Қазір мен сәуле шапатын снарядпен атуға бұйрық беруім-ақ мұң екен, екі снаряд бірінен соң бірі заудан көкке көтеріліп, аспан әлемінде жарк ете түсті. Төңірек түгел жаң-жарық болып кетті. Жарылған снарядтың ұшқышы биіктен төмен қарай жаңбырша жауды.

Біз атқан жарық сәуле шапатын снарядтар жарқылдаған кезде, қала үстінде жаудың самолеті келіп қалған екен. Сұр жапалақтап «Юнкерс» самолеттерінің біздің оғымыздың жарқы-

лынан қашып, жалт бұрылғанын көрдік. Жаудың ұшқышы оны зенит зәңбірегінен атылған оқ деп түсінсе керек. Жау самолеті жалт берген кезде, бір нәрсе жерге түсіп келе жатты. Ол қарайған нәрсе бізге парашют сыяқтанып көрінді.

— Жаңа жылдың жаңа фриці ұшып келеді, — деді менің көптеп бергі жолдасым, жақсы досым байланысшы жауынгер Аянбеков, телефоннан құлағын алмай тұрып. Осындай қауырт кездерде телефоннан құлағын алмай тұрып, екінші адамдармен сөйлесу, майданда әбден ысылған біздің шебер байланысшыларымыздың гапа қолынап келеді. Байланысшы — денелі сұлу қазақ Аянбековтың ойында бұл хасияттер түгел бар болатын. Ол Москва түбінде болған сұраныл ұрыстардың қыйын күндерінде біздің батыр гвардия дивизиясымен бірге талай ерлік істердің куәсі болған жауынгер. Ол Ленинград және Калинин облыстарының тоғайларын талай аралаған, жаудың тылына сапар жасаған, жол шеккен батыр байланысшы. Сондықтан ол қандай ала-сапран кез болса да сасу, тайсалу дегенді білмейтін.

— Ұшып келе жатқан фриц емес, жәшік сыяқты бір нәрсе көрінеді, — деді Аянбековке Соловьев. Мұны айтып тұрғанда, оның көзі әлгі көктен түсіп келе жатқан нәрседен болды.

Жарық шапатын снарядтан ұшқан сәулелер салқын әуенің әсерінен лезде сөніп жоқ болып



келті. Сол-ақ екен тәптікті қоя дараңғылық баса қалды. Көзден таса болған манағы самолет қаланың үстін бір айналып, қызыл ұшқындар шапты. Сонансоң ол солтүстік-батысқа қарай тартып отырды...

Дәл сол кезде біздің оң жағымыздағы таяу жерде сигнал беретін фонардың әлденеше рет көз қысканы байқалды. Оның бұл хабарлауына дұшпанның қорғану шебінен бірнеше фонарлардың жарығы жауап берді. Сол-ақ екен кенеттен атылған ақ ракеталар жарқылдады. Біз сол ракетаның жарық сәулесімен біздің бақылаушыларымыз тұрған арпадан 200 метрдей жерге түсіп, аналайдан қарайып көрінген нәрсені көрдік. Қорқып, сасып нәрсені тастай қашқан ұшқыштың нәрсесі үлкен ордың дәл жиегіне түскен екен.

Ракеталардың жануы да сөнуі де жылдам болды.

Қараңғыға дардыланып алған көзіміз самолеттен түскен нәрсені қайта байқай қойды. Осы уақытта менің сол қолыма қысып ұстаған сарғым 23тен 29 минут өткен екен. Біз сол кезде қардың үстінде қарайып жатқан не екені белгісіз жұмбақ нәрсеге қарай бет алдық.

Біздің зеңбіректеріміз екі дүркін оқ атты. Бір минуттай уақыт өткенсоң немістердің де зеңбіректері біздің шебімізге қарай оқ ата бастады. Қар үстінде қарайып жатқан немістер самолеттен түскен нәрсеге қарай қайта ұмтылды. Сондықтан бізге тағы да ондаған снарядтарды жауға жұмсауға тура келді. Зеңбіректерден үсті-үстіне атылған оқтардың түрсімі басыла берген кезде біздің станокты пулеметімізден оқ боратылды. Сол-ақ екен жорғалап келе жатқан немістер тағы да жата қалысты. Жаралы болғандарын окопқа алып бара жатқан екі неміс көрінді. Осы кезде немістер қызыл ракета атты. Біздің пулеметшіге қарай минаметтерінен оқ боратты. Зулаған миналар біздің аршамыздың үстінен аса ұшып жатты. Бұққанымызды өзіміз де байқамай қалдық. Дәл осы кезде мен өзімнің жанымнан ұзап, ордың ішімен жылжып бара жатқан кісінің көлеңкесін көрдім. Дәл осы кезде өзімнің байлауышым Аянбековтың жай айтылған, бірақ анық естілген сөздерін құлағым шалды.

— Анау ешпеттеп жылжып бара жатқан сол Соловьевтің өзі, — деді Аянбеков.

— Ол Соловьев па еді? — дедім мен.

Бірақ мен бұл сөзді есітпемей ішімнен айтқан сыяқтымын, өйткені, мен түсіне қойдым. Ақылды, тапқыр, әжет және айлакер барлаушы Соловьев самолеттен түскен нәрсе немістерге жақын жерде болса да, соны барып қалай да қолға түсіру хәжет екенін айтпай-ақ түсіне



қойды. Соловьев ордың ішімен қалың қарға шығып ілгері жылжып бара берді. Немістерде тобымен сол самолеттен түскен жәшікке анталап ұмтылуда. Олар құмырысқадай қаптап келе жатыр. 100—150 метрдей жер келіп те қалды. Бірақ біз оларға әлі оқ атпай тұрмыз, өйткені атқан орымыз өзіміздің барлаушымыз Соловьевке тиіп кетеме деп хауіптенудеміз. Менің басымда мұнан басқа екінші бір ой тұр. Жау кездеген жеріне жететіндей көрінді маған. Ал, олар сол нысанаға жеткен кезде, біздің барлаушы ордың арғы бетіне өтеді. Сол кезде немістер оны қарусыз ақ қолға түсіру мүмкін-ау деген ой келді. Мен қатты қысылдым. Қайткен күнде де Соловьевті де, самолеттен түскен нәрсені де жау қолына бермеу керек.

Осы минуттан бастап мен уақытты есептеуден қалдым. Маған біздің артиллерияның алысқа ататын зеңбіректерінің түрсілдетіп ата бастағаны естілді. Біздің артиллеристер жаудың батареяларының үнін өшіру үшін қарсы оқ ата бастаған екен. Біздің станокты екі пулеметіміз алдыңғы жақта біресе жата қалып, біресе қайта тұра келіп алға ұмтылған жаудың бір тобына нәсерлетіп оқ жаудырды. Осы кезде барлаушы ілгері жылжып бара жатты. Оның тыныс алуы, қарды басып сықырлатуы маған анық естіліп тұрды. Көз ашып жұмғанша ол ордың арғы жиегіне шығып, қарайып жатқан жәшікке қарай

тап беруге дайындалып, бар ешiн бойына жыйнауда едi.

Дәл осы минутта ойламаған жерден жағдай өзгерiп кеттi. Сигнал фонарлары қайтадан көздерiн жылтылдата бастады. Сол-ақ екен неместер түлеп түрткендей орындарынан ұшып тұра келiп, бiздiң атқан оғымызды да елең қылмай, анталап алға ұмтылды. Олар самолеттен түскен жәшiктi қайткенде де алып қалуға жанталасты. Ол жәшiк олар үшiн орасан қадiрлi бiр нәрсе сияқты.

Неместердiң өре тұра келiп алға ұмтылған кезiнде бiздiң Соловьев та бiресе құлап, бiресе қайта тұра келiп жүгiрген бойы жәшiктi барып қапсыра құшақтады. Көздi ашып жұмғанша Соловьев кейiн шегiнiп, жәшiктi сүйреген бойы орға келiп қойып кеттi. Мұны көрген жау бойын ыза кернеп, жанын қоярға жер таппады. Жарқ-жұрқ еткен ракеталар көбейдi. Соловьев түскен орға атылған жау пулеметiнiң оғы жауған жаңбыр тәрiздендi. Осы кезде бiздiң зеңбiректер де оқ боратып, неместердiң бетiн қайырды. Сөйтiп, Соловьев түскен орды қорғауда болды.

Бiр кезде Соловьев бiзге келiп қосылды. Сол кезде мен аршаның үстiне секiрiп түсiп, оның суланған бетiнен сүйiп-сүйiп алдым.

— Ал ендi сен бұл нәрсенi штабқа жеткiзi!— дедiм мен. Ол «жарайды» дедi де, көзден таса болу үшiн жамылатын халатын бүркепiп жүрiп кеттi.

Мен жай ғана өзiмнiң бақылау пунктiме ендiм. Неместер миномет пен пулеметтен Соловьев түскен орға әлi оқ атуда. Олардың ойы жүктi де, алып қойған орыс солдатын да жойып жiбере қоймақ болса керек...

Бiрер минут өткеннен кейiп екi жақтың да атқан оғы кенет тыйыма қалды. Осы кезде сағатыма қарасам 00,17 болған екен. Бiз жаңа жылдың кiргенiн де бораған оқ iшiнде жүрiп сезбей қалыппыз. Жаңа жылға арналған «концертiмiз» дәл мезгiлiнде болмай қалғаны ойымда елестеуде болды. Осыдан бiр жарым сағат кейiн: «Шерерге арналған жаңа жылдың «концертiн» орындаңдар! деген бұйрық алдық. Бiз бұл «концерттi» оркестрдiң барлық түрлерiмен—зеңбiрекпен, минометпен тағы басқа құралдармен келiстiрiп орындадық. Осы кезде қар жамылып, тал

бүркепiп жатқан жау топрақпен араласып жерден көтерiлдi. Бiздiң оркестрiмiздiң күйiне неместер солай «биледi».

Бiздiң «концертiмiзден» кейiп қаланың үстiне бiздiң самолетiмiз ұшып келiп, неместер жатқан үңгiрдiң дәл ортасына жүк тастады.

...Штабта мынадай оқыйға болды: барлаушы Соловьев штабқа барып, болған оқыйғаны баяндағаннан кейiн, оның штабқа алып барған жәшiгi ашылыпты. Ол жәшiктiң iшiнен сүрленген ет пен колбасалар, арақ, конфет пен шеколадтар және түрлi дәрежедегi 40 дана темiр крест шыққан. Бұлармен бiрге генерал Шерердiң атына жазылған пакет табылған. Бұл пакеттiң iшiнде Гитлердiң өз қолымен жазған хат бар екен. Ол хатында Холм горнизонының «айбынды» солдаттары мен офицерлерiн жаңа жылмен құттықтаған, генерал Шерердi кезектi темiр крестпен наградтаған. Сонымен қатар, ол Шерерден «ерекше көзге түскендердi» фюрердiң атынан наградтауды тапсырған. Сол үшiн оған толып жатқан крестер жiберген, және рухын көтеру үшiн арақ-шарап жiберген, «берiк болыңдар! берiк болыңдар!» деп қайта-қайта тапсырған.

Бұл посылка туралы бiздiң дивизияның штабы армия команданысына хабарлаған. Ол ең жақсы солдаттар мен офицерлердi қонаққа шақыруды бұйырған. Соған кейiн дивизия штабына команданысының өзi де келген. Шақырылған қонақтар жыйналып болған кезде, команданышы-шанына ақ кiрген ұзын бойлы генерал қысқаша ғана жалынды сөздер сөйлеген. Сөйтiп Соловьевтi бiрiншi дәрежелi Отан соғысы орденiмен наградтаған. Сол жерде бiздiң генерал неместiң генералы Шерерге хат жазған. Бұл хатта бiздiң командашамыз оның мазасын алғандығына «ғафу өтiнетiндiгiн», генерал Шерердiң крест ала алмай қалдым деп өкiнбеуiне кеңес берген. Сонымен қатар, оған бiздiң жауынгерлерiмiз темiр крест орнына қайыппан жасалған крест берер алатындығын ескерткен.

Манағы бiздiң самолеттiң жау жатқан жерге әкелiп тастап кеткен нәрсесi, Шерерге жазылған осы хат екен. Бiз неместерге жаңа жылға арнап осындай «концерт» көрсеттiк. «Концертiмiз» дәл уақытынан кешiгiңкiрек көрсетiлсе де, сәтi түскен концерт болды.





Сырттан

П О Э М А

Қ. АМАНЖОЛОВ

Суреттерін жасаған Н. Ходжиков

I.

Сұлтан деген баланың
Болды ақ қасқа күшігі,
Мойынында қарғысы,
Тап-тұйнақтай үйшігі;

Күндіз кіріп үйшікке
Ұйықтайды, дем алады,
Түні бойы көз ілмей
Үйдің маңын бағады.

Кісі келсе, ит келсе,
Шәуілдеп кеп үреді,
Үй жанында — бір мықты,
Балпаң басып жүреді.

Сұлтан оған «Сырттан» деп
Ат қойыпты қадірлеп,
Еркелетіп өсірді,
Көрген емес жәбірлеп.

Бес-алты жыл кетті өтіп,
Сұлтан бала ержетті,
Жігіт болды кәдімгі,
Кең иықты, келбетті.

Арыстандай айбатты
Төбет болды Сырттаны,
Маңайдағы ит біткен
Одан қорқып ықтады,

Жабылса да он бес ит
Жеңе алмайтын Сырттанды,
Талай мықты иттерді
Алқымынан сыққанды,

Сұлтан үйде жоқ болса, —
Сағынғандай үретін,
«Келер кезі болды» деп,
Жолын тосып жүретін;

Кере сала Сұлтанды
Арсалаңдап, еркелеп,

Қарғыйтын кеп мойнына,
Қыңсылайтын піскелеп,

II.

Кенет бір күн сұм Гитлер
Шапты бізге қасқырша,
Елімізге оқ атты,
Бұтып келіп ұрыша.

Қорғаймыз деп Отанды
Тас түлектей түйлдік,
Кекке толы кеудеміз,
Көк болатты үйірдік.

Бізбен бірге Сұлтан да
Эшелонға отырды,
Жүргізем деп дәл қазір,
Паровоз да өкірді.

Сол мезетте вокзалдап
Көрдік біздер Сырттанды.
Жер піскелеп жүгіріп,
Жүрді іздеп Сұлтанды.

Көрді Сұлтан Сырттанып,
Шақырмады. Таң қалды:
«Япырай, қалай келді екен,
Қалған еді байлаулы!»

Сұлтан мінген вагонды
Тапты Сырттан піскелеп,
Үріп-үріп жіберді.
Дәл есікке жақын кеп.

Сұлтан итін қыймады,
Тастағысы келмеді,
Ит ерткендей жай бар ма,
Командирі көнбеді.

Сонда Сұлтан ақырып,
«Сырттан үйге кет» деді

Қорқытса да, ұрысса да
Сырттан енді кетпеді.

Паровоз да ышқынды,
Вагондарды сүйрелеп.
Сұлтан итін ойлады:
«Қайтады ғой үйге» деп.

Жіні-жіні дем алып,
Жер жаңғырта айғайлап,
Заулады кеп паровоз,
Қайдасын деп майдан жақ.

«Сырттан үйге кетті ме?»
Деген оймен ер Сұлтан
Есігінен вагонның
Қарап еді болды аң-таң:

Көз ұшында алыста,
Кішкентай боп, домалап,
Көле жатыр Сырттаны
Эшелонды қуалап.

Келе жатыр Сырттаны,
Келе жатыр әлі еріп,
Алыстағы сәулелдей
Бір жарқ етіп, бір сөніп.

III.

Эшелон кеп тоқтады
Екі-үш сағат жол жүріп.
Жетті Сырттан алқынып,
Бір қыңсылап, бір үріп,

Үсті-басы ақ көбік,
Тілі кеткен салақтап,
Солқылдап қос өкпесі,
Есі шығып, алақтап,

Сұлтан мінген вагонның
Сұлап түсті алдына,
Ұлып-ұлып жіберді,
Ышқына дәм алды да,

«Сырттан!» деген дауысы
Несінің саңқ етті,
Жалт қараған Сырттанның
Көзінен от жарқ етті.

Сұлтан түсті сөкіріп,
Қарсы ұмтылды Сырттаны,
Итті көріп тер жаңқан
Таңқалды жұрт сырттағы.

Жібермеймін дегендей,
(Жасы-тері моншақтап),
Екі аяғын Сұлтанның
Сырттан жатты құшақтап.

Аяп кетті жігіттер,
Аяп кетті командир,
Сұлтанға ол келді де
Деді: — «Мұны алып жүр!»

Сұлтан жетті майданға
Жетті бірге Сырттаны,
Тарсыл-гүрсіл бір дүние,
Сырттан мәнін ұқпайды,

Бар білгені, баққаны —
Несінен адаспау,
Бір айнымас мінезі —
Сұлтан жауы — оған жау.

«Сырттан! Сырттан! Сырт-
тан!» деп

Еркелетті солдаттар,
Бір взводта бір өзі
Болған соң, не кемдік бар!

Әр солдаттан сый көріп,
Кетті Сырттан семіріп,

Асыр салып ойнайды,
Әлде неге өліріп.

Сұлтан болды барлаушы,
Түн жамылып кетеді,
Автоматын алға ұстап,
Итіп бірге ертеді.

Талай рет ер Сұлтан
Ұстап алды фрицті.
Серік болды Сырттаны
Сөздіріп жат пісті.

Талай рет ер Сұлтан
Жекпе-жекте шайқасты,
Алқымында фрицтің
Сырттан тісі айқасты.

VI

Күндердің бір күнінде
Сұлтан қалды қоршауда.
Хатер төнді, не істемек
Жалғыз өзі көп жауға?

Қағаз жазып ер Сұлтан
Ит мойнына байлады.
«Взводка тез жеткіз!» деп,
Жұмсады итің айлалы.

Ит те болса бұл Сырттан
Көпті сезіп, көп көріп,
Келе жатыр басынан
Майдан сырын өткеріп.

Ит болғанымен білетін
Несінің ипетін,
«Жат!» десе, ол жататын,
«Үр!» десе, ол үретін...

Тек осы жол азырақ
Түсіне алмай дағдарды,
Бара түсіп, қайтып кел,
Дел-сал болды, сандалды.

Кім біледі, әлде ол
Қыймай жүрме несін,
Айтар еді тілі жоқ,
Ойын қайдан білзін!?

Итіне бір қарады
Ашуланып ер Сұлтан.
— Кет!—деп қатты зекіріп,
Салып қалды тұмсықтан.

Сонда ғана түсініп,
Сырттан сызып жөнелді,
Жер бауырлап жылысып,
Кетті ол асып бір белді.

Онбес километрдей
Жер жүгірді тоқтамай,
Взвод жатқан бекініс
Тапты соны оп-оңай.

Взводтағы жігіттер,
Көре сала Сырттанды,
Тез түсініп бір гәпті,
Ит мойнынап хатты алды.

Салпылдаттып тілімен
Екі-үш рет су жалап,
Бөгелместен ізінше
Сырттан кетті абалап.

Бұл кездерде ер Сұлтан
Арпалысып, арбасып,
Жауларына жағалай
Жатыр еді оқ шашып.

Айнала жау аңыздап,
Қалып еді жақындап,
Оншақтысы оққа ұшып,
Қырқшақтысы салпылдап, —

Жер бауырлап, еңбектеп,
Тас бақаша тырбанып,
Жалғыз ерді жеңе алмай,
Кете жаздап жынданып, —

Нұрсыз шегір көздері
Қауға толып, ышқынып,
Келіп қалды жақындап,
Оқ жыландар ысқырып...



Пақ сол кезде белестен
Сырттап шықты арсылдап,
Жәпе сол кез естіді:
Ат тұлғы тарсылдап.

Мұны естін фрицтер,
Үркіп ала жөнелді,
Мылтықтарын лақтырып,
Шеше тастап шипельді.

Біздің взвод келеді
Қылыштарын үйіріп
Жау үстіне нажағай
Шашар бұлтай түйіліп.

Осы кезде ер Сұлтан
Атып тұрып орнынап,
Автоматтан боратып,
Кетті жаудың соңынап.

Сырттап жетті Сұлтанға,
«Барып келдім» дегендей,
Бір үрді де абалап,
Өте шықты бөгелмей;

Өте шықты зымырап,
Кетті қуып жауларды,
Бір неміске жетті де
Желкеден көп ауыз салды.

Ойбай салды сұм неміс,
Жапалақтай жалпылдап,
Алып ұрып ілезде
Сырттап жатыр алқымдап.



Взвод жетті арттағы
Жер сілкінтін, уралап,
Өте шықты еңсеріп,
Фрицтерді туралап.

Офицері немістің, —
Жалғыз ғана сол қалды.
Секірді де бір жардан
Зым-зыя боп жоғалды, —

Көп іздеді жігіттер,
Сезілмеді дәнене.
Арты жар да, алды өзен,
Қайда кетті бұл неме?

Сырттап жүрді жүгіріп,
Су жағасын піскелеп...
Бір мезетте секіріп,
Өршелене үрді кеп.

Сұлтан сонда: «айт!» деді:
Сырттап суға күмп берді.
Өзеннің өр толқынын
Кеудесімен итерді.

Офицері немістің
Мекен етіп су түбін,
Отыр еді, аузына
Тістеп қамыс түтігін.

Сырттап барып бассалды,
Зәре құтын қуырып,
Су бетіне сөрейтіп,
Алып шықты суырып,

Мұны көріп жігіттер
Күліп тұрды қарқылдап,
Сырттап жүзіп келеді
Офицерді алқымдап.

Жаралы ЖАУЫНГЕР



Б. СҚАҚОВ

Ұлы ұрыс, қанды майдан даласында,
Жанған от, атылған оқ арасында,
Жатыр бір жас жауынгер жараланып,
Көрініп әлсіздік көз қарасында.

* * *

Есіл ер тайсалмаған қалың топтан,
Қайтпаған қаймықпаған атқан оқтан,
Ерлік пен батырлықтың үлгісі боп,
Уран сап, отан үшін жауға шапқан.

* * *

Сан рет қатты қырғын ұрысқа енген,
Хатерді елемеген басқа төнген.
Оқ атып, ойран салып, алға ұмтылып,
Өлтіре зұлым жауға соққы берген.

* * *

Бұл тағдыр бірде тәтті, бірде қатты,
Сондай-ақ үнемі ұрыс болмас сәтті,
... Сұрқия қорқақ дұшпан қалтарыста,
Тығылып тұрып, оған мылтық атты.

* * *

Жазым боп, қапылыста оққа ұшып,
Жығылды ол етпетінен жерді кұшып,
Айыпсыз ақ денеден қан сорғалап,
Езілді езгі жаны, жүрек қысып.

Жатыр ол жанталаспай еш тіл қатпай,
Я жасып, көңілі босап, мұнын шақпай
Тек оның адал жанын азаптайды,
Ауыр ой, ыстық сезім дамыл таппай.

* * *

Еске алды сүйікті ол ұлы Отанды,
Борышты жауынгерлік, ерлік арды.
Жанын жеп жауға кеткен намыс пен кек,
Жүреkte өшпенділік оты жанды.

* * *

Білмеймін намыс я кек зорлады ма?
Әлде ыстық сұлу сезім қолдады ма?
Кім білед снаряд пен мина жарылып,
Әлде әрі жатуға жөн болмады ма?

* * *


Әйтеуір бір кезде ол қозғалды да,
Орнынан тұрды, қару қолға алды да,
Көрді ол от пен өрттің арасынан
Достарын шапқан дұшпан қорғанына.

* * *

Жыйнап ол ақырғы әл, соңғы күшін,
Қабағын қатты түйіп, бұзып түсін,
Қарамай ауыр жара, аққан қанға,
Ұмтылды ол да, айта: «Отан үшін!»

1944 жыл.





Біздің ұлы көсеміміз Лениннің есіміндегі бұл сәулетті тамаша қаланы Советтер Одағында білмейтін адам жоқ, кәрі де, жас та Ленин қаласын жанындай сүйеді, жақсы көреді.

Балалар, Ленин қаласының тарихы мен біздің социалистік өмірімізде алатын маңызы орасан зор.

Бұдан 243 жыл бұрын, 1703—жылы Нева өзенінің Балтық теңізіне құяр сағасында Петербург қаласының алғашқы іргесі қаланды. Фин буғазында берік орнамақ болған Петр Бірінші Петропавл камалын 40 күннің ішінде салдырып болды. Осы кезден бастап қала өркендеп, көптеген заводтар, үкмет үйлері, жұмысшы пәтерлері салынды.

Петербургта орыстың ұлы ақыны Пушкиннің данышпандық таланты жарыққа шықты, 1825—жылы мұнда декабристердің көтерілісі болды, орыстың ұлы жазушылары Белинский, Некрасов, Чернышевскийлер өздерінің алғашқы тамаша шығармаларын осы Петербургта жазды.

1917—жылғы Ұлы Октябрь Социалистік революциясының алғашқы күндерінде совет өкметін, большевиктер партиясын қурушы Ленин мен Сталин Петербургта революцияға әзірлік жұмыстарын жүргізді. Мұндағы Смольныйда ұлы Ленин мен Сталин революцияның күшті толқынына данышпандықпен басшылық етті. Бостандық жолындары алғашқы революциялық қозғалысты Петербург пролетариаттары бастады. Сондықтан да Ленинградты революция бәсігі деп атаймыз.

Ленин қайтыс болғаннан кейін, 1924 жылы Петербург қаласына ұлы Лениннің есімі берілді.

Ұзындығы 24 километрге, ені 19 километрге созылған бұл тамаша қала совет үкметі кезінде барынша шарықтап өсті. Ленинград еліміздің, жер жүзі мәдениетінің ең ірі орталығының бірі болып саналады.

Мұнда жүздеген сәулетті сарайлар, өскерткіштер, жүзден аса аурухана, екі мың жарымдай трамвай вагоны, кең парктер бар.

Ленин қаласында жоғары дәрежелі 60 мектеп бар. ССР Одағы Ғылым Академиясы өзінің алғашқы жұмысын Ленинградта бастады. Ленин қаласында жүздеген кітапханалар бар. Олардың ішінде жер жүзіндегі ең ірі — Салтыков-Шедрин атындағы көпшілік кітапханасындағы кітаптың саны 9 миллионнан асады. Ленинград музейлері бүкіл жер жүзіне әйгілі. Мұндағы Киров музейінен, Ленин музейінің бөлімшесінен, революция музейінен Лениннің, Сталиннің, Кировтың өмірі мен революциялық еңбегі жөнінде көп мағлұмат алуға болады.

Ленинград—еліміздің ірі өнеркәсіп орталығы. Киров атындағы, «Большевик», «Электросила», Сталин атындағы, тағы басқа ондаған заводтар мен фабрикалар бүкіл еліміздің мақтанышы. Еліміздегі



Ленинградтағы



машиналардың бестен бірі Ленинград жұмысшылары жасап шығарады.

Ленин қаласы машина құрылысы және электротехника өнеркәсібінің ең басты орталығы болып саналады.

Ленин қаласының тарихы да, байлығы да, социалистік мәдениеті де сан алуан. Дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы мәдениеттің ірі орталығы болған бұл тамаша қаланы неміс фашизмі жермен жексең етуді көздеді.

Ұлы Отан соғысының қаһарлы күндерінде айбынды Ленин қаласы тоғыз жүз күн бойына жаудың қоршауында болды. Бұл күндері Жамбыл жырау:

Жауда қалып Ленинград,
 Жаралмап жоқ көңелі!—
 Жасағамын өмірді,
 Жау біткенді жеңелі;
 Саудыратын сүйегін,
 Топыраққа көмгелі,
 Қазақстан жерінен
 Тұтағандай ел кегі.
 Жолды кернеп қол жетті,
 Сендерге дем бергелі,
 Нева алабын қорындар,
 Ленинградтың ерлері—
 Ураққа үлгі болындар,
 Заманымның өрнегі!

—деп Ленинград өрендерін ба-
 тырлыққа, қаһармандыққа ша-
 қырды. Халық поэзиясының
 алыбы Жамбылдың бұл өлеңін
 әрбір Ленинград адамы оқыды.
 Оларды бұл өлең бек қайрат-
 тандырып, жігерлерін судай та-

сытты. Жауға күйрете соққы берілді.
 Жұмысшылар үш-төрт күн цехтан шық-
 пай, майдан хажетін өтеді. Жау қоршау-
 ының алғашқы бір айының ішінде ғана
 қаланың өндіріс орындары 180 түрлі соғыс
 құралдарын шығаруды меңгерді. Қала-
 ның қолына қару ұстауға жарайтын бар-
 лық адамы майдан даласына шықты. Мың
 жарымдай пионерлер мен мектеп оқушы-
 лары жау бомбасынан болған өрттерді
 сөндірді, қаланың бүлінген жерлерін тү-
 зеуге, тазалауға көмектесті.

Жау қаланы көп бүліншілікке ұшы-
 ратты. Жау қоршауы талқандалысымен
 ақ қаланы жөндеу тез қолға алынды.
 1944 жылдың өзінде 800 мың шаршы
 метр пәтер үйлер, 88 мектеп, мыңнан аса
 асхана қалпына келтірілді. 1945 жылдың
 аяғында бүлінген театр, кино, музейлер-
 дің барлығы да қалпына келтіріліп бол-
 ды.


Сталиндік жаңа бесжылдық жоспар
 бойынша Ленин қаласы бұрынғыдан да
 өсіп, көркейіп, еліміздің аса ірі индустри-
 ялы және мәдениет орталығына айнала-
 ды. Мұндағы өнеркәсіп соғыстан бұрын-
 ғы дәрежесіне жетіп және одан асып
 түседі. Қалада метрополитен (жер астын-
 да жүретін поезд), металл қорытатын за-
 вод, басқа да ірі заводтар мен фабрика-
 лар салынады. Бұдан былай қала отын
 орнына газ жағатын болады.

Кемеңгер Сталиннің күнделікті көңіл
 бөлуі арқасында, сәулетті Ленин қаласы
 бұрынғыдан да көркейіп, гүлдене береді.



Ленин қаласының өнеркәсіпшісі

УБА БОЙЫНДА



Ә Н Г І М Е

В. КОПЫТИН

Суреттеріч жасаған К. Баранов

Пионер Сеня Долинин жазды күні Лосиха селосына бармакшы болды. Ол селода Сеняның әкесі көшпелі дүкенде ұста болып жұмыс істейтін еді. Әкесіне бару үшін Сеня Уба өзенінің арғы бетіне ету керек. Ол таңертеңгі бірінші паромға мініп өтуге асынып келеді. Сеня паромға жетіп те, мініп те үлгерді. Аздап паром жайлап жүзе бастады. Міне, өзеннің қак ортасына келіп қалды.

—Түбі көрінбейді ғой,—деді Сеня.

—Қара, қандай ағаш арып келеді!—деп айқай салды, бір бала шешесін қолынан тартып қалып.

Паром жағаға жақындап келеді. Шоферлер күйбіндеп, аттар тықыршы бастады. Паром жағаға келіп соқты. Захар қарғыш түсіп арқанды шумақтап жыйнап алып, паромды үлкен ағашқа байлап жатыр.

—Мына жер қандай жақсы,—деді Сеня өзіне өзі. Содан кейін бала ерткен әйелге келіп:

—Сіз Лосихаға бармайсыз ба?—деп сұрады.

—Лосихаға, ал саған қайда бару керек еді?

—Мен де сонда бармакшы едім.

—Жарайды, бірге жүрейік,—деді әйел.

Сеня өзінің шаппа пышағын алды да жол үстіндегі талдан өзіне шыбық кесіп алды.

—Маған бер пышағыңды, мен де өзіме таяқ кесіп алайын,—деді әйелдің қасындағы бала.

Бала тездетіп өзіне талдан шыбық кесіп жатып:

—Мама, саған таяқ керек пе?—деді.

—Жарайды, балам, кес, мен үшін де кесе ғой,—деді шешесі.

Жол өзенді жағалап келеді. Жолдың екі жағында майысқақ құба талдар мен жапырақты ағаштар аралас өскен. Ал олардың бұтақтары мен қалың шөптердің басына қонған кішкентай құстар шырылдайды. Алыста пішен шауып жатқан шалғының сырылдаған даусы естіледі. Мәнін әкем осы колхозда емеспе екен.—деген ойға түсіп келеді Сеня.

—Мам, мам—деп айқайлап,—қарбыздар қандай болып қалған, қараңдаршы!—деді бала.

—Ие, быйыл егіс жақсы, бітік болады,—деп Сеняға қарап шын ниетімен сөйлеп келеді әйел. Сеня, ұста дүкеніне қарай қолын пұсқап:

—Міне, менің әкем осында жұмыс істейді. Мен соған барамын. Қош болыңыздар, әзірге!

—Қош,—деп жауап қатты Сеняның қасындағылары. Сеня барды да қалың шыққан қара бидайдың ішіне еніп кетті. Бірақ, қалың шөптер оның аяғына оралып, жүрісін маңдытпады. Әдепкіде ол сол қалың шөпті жарып отырып, алдында көрініп тұрған колхоз қосына қарай тура жүргісі келді. Бірақ, ол осы түзу жолдың өзі ұзаққа кететінін сезді де, кенеттен оңына бұрылып жолға түсті. Күтпеген жерден Сеня,—деген дауыс шықты.

Сеня өзін шақырып жатыр екен деп ойлаған да жоқ еді. Ол жан-жағына қарап тоқтап тұрып, бірі кара атқа, екіншісі сұр атқа мініп, шауып келе жатқан екі баланы көрді.

—Менің атыма мінгес, әкеңе жеткізіп тастайын—деді, айқайлап олардың біреуі атының басын тура Сеняға қарай бұрып.

Федя Агеев пен Павлик Жихаревты Сеня тани кетті.

—Аяғыңды тізгіңге қой да, менен ұста,—деді Федя.

Көзді ашып-жұмғанша балалар атқа мінгесіп алып шөбін шауып тастаған шабындыққа жетті.

—Ал,мынау ұсталар дүкені, анау жүрген сенің әкең,—деді Федя. Сеня аттан қарғыш түсіп, әкесіне жүгіріп барды.

—Мен сені әзір күтпеген едім—деді де әкесі баласын құшақтап сүйіп-сүйіп алды.

—Сіздерде қандай тамаша!—деді Сеня әкесіне еркелей қарап.

—Демалыс күні балық аулауға барамыз. Балықтардың бірнеше түрін көресің—деді Сеняның әкесі.



—Менің атыма мінгес, әкеңе жеткізіп тастайын

Балықтарды аумен, немесе қармақпен ғана аулайтын шығар деп түсінетін Сеня әкесінің колхозшымен әңгімесінен өмірінде бір естімеген сөзін естіді. «Балықты шаншу». Балықты қалай шаншады. Оны Сеня білмейтін еді. Усталар дүкенінде ол әкесінің соққан-бір жағы қармақ, екінші жағы шаншқы бір темірді көрген болатын. Бұл өзенге ағаш ағызшылардың қолындағы ағаш тартатын имек темір сыяқты еді.

—Шаншқы дайын өте жақсы болып шыққан-деп колхозшы оны ұзын арашқа саптай бастады.

—Ыңғайлы—деді де, колхозшы сапталған шаншқыны салмақтап сілкіп-сілкіп қойды.

—Ымырт жабылғасын келерсің,—деді колхозшы Сеняның әкесіне.

—Папа, бұл кім?

—Колхозшы Прохор Пушкин, жақсы балықшы.

Сеня әкесімен екеуі өзен жағасындағы қайыққа жақындап келсе, Прохор бұлардан бұрын келіп, біреуін қазықтан шешіп, мініп алған екен.

—Отырыңдар! — деді ол.

Томардан ойған қайық, шөміш сыяқты, қайқалаңдап ауытқи түсіп, арыстың ықпалымен

қалқып жүзе жөнелді. Ескекпен құлаштап есіп отырып, қайықтың сырын білетін Прохор көзді ашып жұмғанша болмай өзеннің ортасына жетіп барды.

—Өзеннің арғы бетіне өтеміз.—деді де Прохор қайықтың бір бүйіріне қарай жантая кетті.

—Уба өзені сағасын қайдан алады?—деді Сеня, әкесіне қарап.

—Алтай тауларынан алады. Бұл өзен Шығыс Қазақстанның таулары мен орманды жерлерін кесіп өтеді. Уба өзенінің жоғарғы жағы асау, толқынды, арысы күшті. Ал, аяқ жағы өте баяу, бейне түлкінің құйрығы сыяқты бұрындан еркелеп барып Ертіске құяды. Жаз бойы арнасы толып жатады. Бұл өзеннің іші неше түрлі балыққа толы. Бұл өзенде қызыл қанатты торғалар, күміс қабыршақты семіз ақбалықтар, шортан, табан, сазан, алабұға түрлі шабақтар көп-ақ.

Өзеннің ирелеңдеген арнасында қамысты тұмсығымен сүзіп қайық дыбыссыз жылжып келеді. Дыбысты сезгіш сүңгуір үйректер қамыстың түбіне шөліп етіп, сүңгіп кетіп жатыр. Бірақ балықшылардың көңілін бұлар аудармай қоймады. Бұған бұрын-соңды мұндай оқығаны көрмеген тек Сеня ғана танданып келеді.

—Қазір жарық қыламыз, от жағамыз деп Прохор Сеняның әкесіне ескекті берді де, консервден босаған қаңылтыр қауашаққа керосинге малғап білтені салды. Содан кейін зажігалкамен от тигізді. Керосинге малғап білте отқа тигесін лап етіп жанып кетті. Бұл жарық өзен бойының бірталай жерін жарық қылып көрсетіп тұрды.

Сеня өзенге қарады. Көк мөлдір судың бетінен астындағы қабыршақты түбі көрініп жатты. Прохор суға үңіліп бір қарап алды да, шаншқысын қолына алып дайындала бастады.

Бір мезетте Прохор кенеттен барлық еңсесімен ілгері ұмтылды да көз ілеспейтін шаншандықпен шаншқыны суға сүңгітті. Қайық теңселіп кетті, жанып келе жатқан шам шалқып, жынылықтап кетті. Бұл кезде шала-жансар болған ақбалық құйрығын бұлған еткізіп өзеннің түбіне қарай сүңгіп барады екен. Прохор шаншқысын балықтың денесінен еткізе түйреді. Балық құйрығын бір бұлғақтатуға ғана шамасы келді.

—Еге, тағы да... Бұдан кейін Прохор бірде ақбалық бірде табан, бірде сазан жиілетіп шаншқылай бастады. Балықтарды бірінен-соң-бірі әкеліп қайыққа тастап жатыр.

—Яков Кузьмич, сен шаншып көр, мен кішкене тыныс алайын.



Проходор алгері уақытта да, шаңшықпен шаңшықты суға сүзгітті

—Кәне, әкеліңіз шаңшықтыны.

Қайық тоқтатылды Проходор мен Сеняның әкесі орындарын ауыстырды. Жұлдыздардың сәулесі суға түсті. Осы оқығамардың құпиясын шешкісі келгендей Сеня жалмажан өзеннің түбіне қарады.

—Мынау нендей керемет жүзін бара жатқан? —деді, Проходор шаңшықтыны қолына қайтадан алып жатын.

— Қайсы, қайда? — деді сыбырлай сөйлеп, Сеняның әкесі.

— Мұнда қара, Кузьмич! — деді Проходор қозғалып тұрған қамысты пұсқан.

Жарық түсіңкіресін деп, отты оңдап қойды. Жаңағы Проходордың пұсқаған қамысы кенеттен қатты қозғалып кетті.

—Мынау немене өзі?—деп Проходор ыңғайсыздана түсті. Кузьмичтің жауабын күтпестен-ақ Проходор-мынау үлкен лақа болмасын.—деді. Ол шаңшықтыны дайындап тұр еді. Қамыс жаңғыдан да күштірек қозғала түсті.

—Не болса да.—деп Проходор дірілдеп тұрған қамысты түбін шаңшықпен түйреп жіберді.

— Жарықты өшір! — деді де Проходор айтқанын істегенше болмай, өзі жанып тұрған консерві баякесін суға итеріп түсіріп жіберді. Сөйтті де өзі ескекті алып барлық шаңшықтымен қайықты есіп-есіп жіберді. Сәттің арасына қайық жылмаң етіп өзеннің жағасына шыға келді.

— Проходор, — деді Яков Кузьмич, — сен ол жерден не көрдің, сонша неге шошынды?

— Өзімде білмеймін, ертең көрерміз, бұл шаңшықтың сабы ұзын еді, бір жерден ертең қалқып шығар.

— Дегенмен, сен не көрдің?

— Балық та емес, құс та емес, қанаты да бар, балықтың құйрығы сияқты құйрығы да бар.

— Сенің көзіңе солай елестеген шығар — деді Проходор.

— Жоқ елес емес. Мен жыйырма жылдан бері балық шаңшып келемін, бірақ мұндайды көргенім жоқ. Ертең көрерміз.

— Қош болыңдар, ертең елестеленде осы араға келемін, — деп Проходор тартып берді.

Яков Кузьмич пен Сеня не болғанына түсіне алмай балықтарын алып үйге қайтты.

Сеня әкесімен бірге таңертең өзен жағасына барған кезде балалар да, әйелдер де даурығып сөйлеп жүр, барлығының талқылап жүргені Проходор Пушкин қарттың бүгін түнгі көрген кереметі туралы. Проходордың өзі қайықтың жанында күйбеңдеумен жүр. Оның қасында бірнеше шап бар. Олар тұтас бір қайықшылар керуенін құрастырып жүр. Жағаға тоғыз қайық әкелінген. Айыр, қорағаш, ескектермен қаруланған керуеншілер Проходордың бастауымен кенегі «кереметті» көрген жерге қарап үлкен арнамен жүзе жөнелісті.

Сеня мен Яков Кузьмич Проходордың қайығына мінді.

—Міне, тап осы арада біз керемет балықты шаңшыттық, анау тоң қамыстың қасында жарығымыз өңіті, тап сол жерде Проходор «балықты—кереметті шаңшытты да шошып кетті»—деп ойлап келеді Сеня.

—Оның сабы ұзын болатын, табамыз, қамыс көк талдың арасынан іздендер.

—Әне, бір таяқ көрінеді,—деп айқайлады, бір ересек адам.

—Тап сол ғой, соған қарай есіңдер қайықты! деді Яков Кузьмич.

— Сая болындар, асықпаңдар!—деді Прохор. Қайықтар піріліп жаңағы жерге жыйнала бастады. Барлық қайықтардың тұмсығы шапышқының сабына келіп тұйысты.

—Қозғама, қозғама, өзім алып шығамын,—деді Прохор шапышқы сапты ұстайын деп жатқан қарт адамға дауыстап.

Барлығы тым-тырыс, шапышқының сабының басына қарасып тұр. Прохор тартып келеді.

—Күс, бүркіт!—деп бірнеше адам барлығы бір дауыспен шулап қоя берді. Соның арасында олар балықты да көрді.

— Бүркіт және ақбалық, міне тамаша! Сеия балық пен бүркітке қарап тұр. Байқап қараса, бүркіт ұзындығы бір метрдей ақбалықты бүргенде тырнағының қадалғаны сондай, ол тырнағын қайтадан суырып ала алмаған екен. Сондықтан да ақбалық оның жаны шыққаннан оған өзеннің терең жерлеріне сүйреген болуы керек.

—Кузьмич, мыналарды өзің ал,—деді де Прохор ескегін шығына салды да жүріп кетті. Оның артынан тамашалап жүргендер де тарай бастады.

Бүркіт қой әуеде, биікте ұшып жүреді, ал балық суда жүреді, қалайында мұндай болды екен деп Сеия ойға қалды.

Бүркіт пен балық оқыйғасы ұмытылуға айналды. Тек Сеия ғана бұл қызық оқыйғаны есінен шығарған жоқ.

Бір күні балаларды ертіп алып Уба өзенінің жаанындағы таудың саласына жідек теруге шықты. Жідек өте қалың еді, сондықтан да бұлар сәтте екі корзинкадан толтырып алды. Федя Агеев жартасқа шығуға ұсыныс жасады.


—Анау жерде бүркіттер ұя салады, қазір олардың балапандары бар шығар—деді ол.

Балалар Федяның ұсынысын қабылдады да, ағаштың бұтақтарына өрмелеп тауға шыға бастады.

—Борсықтың іші,—деп айқайлады Федя.

Балалар асыға басып оған жетті де, барлығы да үңіле қарап, түлкінің іші екенін анықтады. Содан кейін жоғары өрмелей жөнелді.

Шыңына дейін жетеміз. Күн әлі тас төбеде ғой, үйге айналып қайтуға үлгіреміз, деген тоқтамаға келді де барлығы өрмелей жартасқа шыға бастады. Таудың төбесіне шыққанда Уба



Күс, бүркіт!—деп бірнеше адам шулап қоя берді

өзені оларға ұзыншап тартылған жасып дөңге сыяқтанып көрінді. Бұл өзен орман мен тауды қақ жарып өтіп, асықпай ағып кең даланың еркесіндей сылаңдап Ертіске қарай кетіп барады.

—Балалар, мұнда балықтың сүйегі қалай келіп қалды екен,—деді Сеия. Сеия балықтың сүйегін жердеп көтергі алып, Мұның құныясы білейін деген кісідей отыра қалды да ойлапты. Сол арада Федя Агеев те келіп оған көмектесті. Ол өзінің көргенін, бүркіттің балықты қалай аулайтынын, бір кездерде осы тауға қарап ұшып бара жатқан бүркіттің тырнағындағы балықты көргенін айтты.

—Дұрыс, тура,—деді Сеия. Міне сол бүркіт қой ақбалықтың суға батырып жібергені де, Прохордың шапышқы алғаны да, ақбалықты алып кетемін деп жүргенде балық одан күшті болып шығып, оның өзіне суға батырып жіберді ғой.

Жұмбақ шешілді. Балалар жідеккі корзинкаларына толтырып алып үйлеріне қайтты. Мектепке қайтып барғанда, өзінің Уба өзені бойындағы сапары туралы балаларға әңгіме етіп, айтып бере алатындығына қуанды Сеия.

Арқар Қой



Ә Н Г І М Е

С. БЕГАЛИН

— Уай, жігіттер, ертеде осы күнгі біздің малданып жүрген малдар аң секілді далада, тауда жүрген екен. Онда қой мен киік, арқар мен сыйыр, құлан мен жылқы, түйе мен ешкі бәрі бірге жайылады екен. Бертін келе адамдар орын теуіп мекендеп, кәсіп ету үшін малдарды біртіндеп қолға үйретіп, пайдаланыпты. Сонда аңдар мен малдар екі бөлінерде өзара ата мұраларын бөлісіп, әр қайсысы әр өнерге ие болыпты. Сонда тұрып сыйыр арқарға:

— Сен өз еркінде тауда қалып барасың, сенің жүріс-тұрысыңды ешкім сынамайды. Мен өте сыншы адамның қолына кетіп барам, жүргенде сылдыран отыратын күмістеткен тұяғыңды маған бер. — депті.

Арқар тұрып:

— Сыйыр-ай, оныңыз дұрыс, қолқаңыз сөз болса, мен қыйдым, сіз маған қар тебетін кәбісіңізді кигізіңіз — деген екен. Сөйтіп арқар мен сыйыр екеуі айрыларда кәбістерін айырбастап, содан бері сыйыр бақайы сылдыран қар тебе алмайтын болыпты. Арқар тастан таймай секіреін, қардан қайтпай теуіп шөп алып жейтін болыпты, — деп халық аңыз етеді.

— Бәсе, Мыржәкең бір ертекті бастамай отыра ма? Тағы не деп соғып отыр. Әлде біздің арқарды қой етеміз дегенімізге сенбей отыр ма? — деді Әндіжан.

— Қарағым-ау, бізге жар таста жазықтай жайылатын, боранда бойын жазып қар тебетін, тұяғы балғадай, сыйрағы сырықтай, жүні жібектей қой тауып берсең болғаны, — деді Манайбай ақсақал.

Қарт шопанның тақпақтай шұбыртқан сөзін Бүторин таңдана тыңдап:

— Бұл некей шешен сөздер. Сіздің қазақ елі мал жайында сөз болса, жұлдыздай ағады-ау. Міне біз Манайбайдың осы өзі айтқанындай қой шығарып беруіміз керек, — деді.

Бұлар арқар қой жайындағы мәжіске жыйналған адамдар еді. Алматыдан келген қазақ жігіті мәжісті ашып, арқар қойдың жайынан сөзді бастап:

— Біз бұл қойдың үшінші тұқымын алдық. Бұл тұқым мына Манайбайлар барып отырған арқар миранос қой деп отырған жаңа қойымыз.

Кейінгі жылдардағы шағылыстыруда жаңа тұқымды қойдың өз ұрғашысына өзінен қойылған қонқарды жібердік. Одан шыққан қойдың төрттен үш есесі кәдімгі қазақы қой, бір есесінде ғана арқар белгісі қалған.

Осы қойдың тұқымын өсіруде неше жылдан бері үздіксіз еңбек еткен жас ғалым Николай Бүторин жолдас, осы әредікте үшінші атадағы арқар қойдың бір уыс жүнін елдің алдына алып келді. Саласы онша шашан емес, үш жағы ұйпалақтау, арқар жүні сыяқты бытырап тұрған сыңғақ қылшық та емес. үйірімді жұмсақ жүн. Ал, түп жағы аса майда, талдары өте нәзік, жіңішке, жүнді отырғандар қолдарына алып көрісіп, таңданысып жатты. Бұл жүн былтыр Москвада фабрика шеберлерінің және бір неше ғалымдардың мәжісінде сынға түсіп, өте асыл болып танылған, өте биязы жүнді деп жүрген мәлім қойдан мұның жүні әлде қайда биязы, асыл, пұл тоқуға да өте құнды деген баға алғанын осы отырған топтың көбі естіген еді. Жүнді көргендердің қабақтарында қуанышы, еріндерінде емеуірі ғалымдарға сүйсіне қараған, жылы шырайлары Арқар қойды мақтанып ететіндерін білдіргендей болды.

Қаладан келген ғалым жігіт Қазақстан ғылымпаздарының асылдандырып өсіріп жатқан бірсыпыра малдарынан тәжірибелер айтты. Әсіресе, Шұбар ши қолхозындағы аңор ешкінің жайына біраз тоқталды. Оның мемлекеттік зор бағамы асыл түбіт беріп отырған құндылығын айтты, арқар қойдың пайдалылығын түсіндірді.

Мәжіс аяғында жаңа тұқымды қой төрт қорара бөлінетін болып, бір қорасына Мыржәкең не болсып деген ұйғаруға, Мыржыбай көнбей қыйсап кетті.

— Жасым алшықа келіп қалғанда, тау-таста арқар қуар жайым жоқ. Осы қойдан тиген жүлдені күн санап жасарып келе жатқан Манайбай-ақ алсын, — деп қолын бір-ақ сілтеді.

Күн еңкейе Күрмекті өзенің өрлеп шыққан бір топ кісі қыяда жайылып жүрген қойларға қарай бет алды. Жартасты қыяның беткейінде жайылып жүрген қойлар сыйда аяқтарын шашпаң алып, қатарласа жайылып қаптап барады. Тек арқардың үйір-үйір болып жайылғанындай,

тобын жазбай бірінен-бірі ұзамай, сергек оттай бара жатып, дүр етіп тобымен тік жартасқа қарғып шықты. Бұлар неден үрікті деп жолаушылар жап-жағына қарағанда, бағанағы қыйсайып атқа мініп кеткен Мыржыбай қасқыр бейнелі көк итін ертіп, қойға қарай жортып келеді екен. Өлде қайда тазының елең еткенін байқап, қойлар биікке шығып, топтала қалған еді. Ит екенін танып, қайтадан жайыла бастады.

— Бұл қойдың иісшілдігі, көршітпегі ғажайып арғы атасы арқардан кем емес. Егерде қасқыр сыяқты аңның көрінгенін сөзсе болды, жайылмай қайдағы бекіністі алып шоқтай болып жыйыла қояды. Ал, жел жағынан келген иісті қозы екем қозыда біледі десек артық болмайды. Өткен қыста бір қызық болды. Астымда осы күрең атым, баққаным быйылғы буаз саулық. «Көксайдың» күнгейіне шығатын тауға өрлесте жайып келе жатыр едім, алдында азырақ жел білініп, бұрқайтпай тұрған болатын, бір мезгілде жел көтеріліп, алай-түлей боран көп бергені. Қойдың алды топ-топ болып, жоғары қыста барып қалған еді. Енді қойдан айрылдым, қасқыр киіп кетсе ме, не болдым деп, күрең атты басқа-көзге төселеп, қойдың алдыңғы жағына жан шыққанда жеттім-ау! Воранды бұл қойлар елең қылама!? Бырдай болып бір қалып қарды теуіп жатыр. Күнгейдің қары өзі де аса қатты болмайды ғой. Дегенмен қазақ қойлары аса қалың, қатты қарды тебе алмайды. Тіпті қардың қаттылығы былай тұрсын, аттың жалпақ тізесінен келетін қалың қар жылқы емес малдың борбайы жетіп тебе алар емес. Сонда мыналар қатарласып төпкенде, жылқы тебіліп-дей қарды кесек — кесегімен аударарды және желге қарсы қасқайып тебеді. Жануардың

қайратына сүйсініп тұрғанымда, төменгі жақтары бір топ қой дүрлідеп үркіп келеді екен, мен де көре салып тұра шаптым, сөйтсем аржағынан келіп қалған бір-екі қасқырдан үріккен екен. Сонда әлгі үріккен буаз қойлар өрге қарсы секіргенде, қасқырға жеткізер емес. Бұл февральдың іші, қойдың іші өсіп қалған кез. Тасқа ілінген соң тіпті шалдырмады. Мені көре салып қасқырлар жалт берді. Мойнымдағы бытыра мылтықты гүрс ете түсірдім. Бұл жануарлардың қайратын сонда бір көрдім. Анық таудың малы. Негұрлым желге қарсы жайылуды, тау-тасты жақсы көреді, — деген Сағындық шопанның сөзін Алматыдан келген ғалым жігіт бөліп:

— Сақаң қойын мақтай алады-ақ! Онысы жөн, — тағы біраз ойланып қасындағы Бугорин мен Әндіжанға қарап, — менің байқауымша екеуіңнің осы қойларын орталық Қазақстанға барса, қандай жақсы болар еді. Онда Сақаңның қойына жел де, қыя-қыя бел де табылады. Әрі қысы ұзақ, әрі қары қалың түсетін Ақпанның бастап қары бекіп қалатын Арқа тауларында өсіретін қой жаңа табылды.

Бұл қойымыздың еті қазақы қойдан артық болмаса кем емес, сүті қою, әрі сүтті. Арқар қой боранға ықпайтын, қыста қолға қарамайтын, ұзын аяқты, қалың түйақты, әрі таушыла, әрі сергек келеді.

Арқар қой — Сталиндік төртінші бесжылдықтың мал санасын асырып, асыл тұқымды малды көбейтудегі үлкен олажа болмақ. Бұл қойлар қысы ұзақ болатын, қары қалың түсетін жерлерге жіберіледі. Сонда төлінің жайында ойланып, тағы тәжірибе жасау керек болар, — деді.

Сөйлесуден гөрі ойланып ізденуді жақсы көретін Бугорин темекі трубкасының күлін ерінің қасына қағып түсірді де:

— Я, бұл жағы рас. Біз алғашқы таудан атып алған құлжа арқардың құтын меринос саулықтарға жібердік. Одан туған қозылар қылшық жүнді арқар болып туды. Сол туған қозыдан шыққан қошқарды тағы меринос саулыққа қостық, одан арқардан көрі ұяң жүнділеу қозы туды. Осы кейінгі туған қозыны әкеліп тағы меринос қойға қосқанда, одан осы күнгі жаңа қойымыз шықты. Ал сол жаңа қойдың саулығына дәл сондай жаңа қошқар қосқанымызға біраз жыл болып қалды. Содан бері



Арқар қой

Тұған қозылар жүні аса биязы, қызыл шақа туады. Қазірде біздің баздағы қойымыз екі мыңға жетіп отыр. Ертеңгі күні жаңа тұқымды қой болып елге тарайтын қой да, осы баздағы қойлар,—деп трубкасынан аңы темекісін тартып алып, Буторин ойлана Әндіжанға қарады.

Бұл тұрасында бұрын айрықша ойланбаған екі маман бөгеліп қалды. Бұл бір біз ғана шешетін жеңіл іс емес. Бұл бүкіл әлемге әйгілі ғалым Заводовский сыяқты үлкеп адамдармен ойласып қарастыратын, аса пәзік білім ғой дегендей іштерінен алдындағы арқа сүйеніші ғалымдарға сенген сыяқты болды.

Бұлардың әңгімесін тыңдап келе жатқан Мыржыбай, тепендеп атына бір тебініп қойып, Әндіжанға таяна түсіп бір нәрсе айтқысы келгендей, бөркін маңдайына таман қозғады да:

— Мен бағана Манапбайға ерегісемін деп, әдепсіз сөз сөйлеп қалғаным. Онымның ерегіскенін артынан ойланып, әдейі сіздерге бұрылып келдім. Осы арқар қойдың тұқымын алып отырған меринос саулықтың бәрі менің қорамның қойы. Әрі етті, әрі жүнді. Басқа мериносқа қарағанда, бұл қораның қойы арқармен араластыруға тура келеді деп бүкіл совхоздан таңдап алынған болатын. Сол қойды баққанымда он жылдан асқан, белгілі шопанның бірі менмін. Қыйт етсе, Манапбай «мен өсірдім» деп, мақтана берген соң ашуым қысып кеткені. Менің жайымды көптеп бері бірге істеген, шырағым сен білесің, мына Николай біледі. Ана Алма-

тыдан келген бала қайдан білсін, мен өз қорамды өзім бағам. Мені көпірем деген сөзді айтпаңдар. Естіген елден ұят,—деп Мыржыбай атын тағы бір тебініп, Әндіжанға таяна түсті.

— Е, бәсе, Мыржеке, осылай келші! Бір арыңдан алып, қалшына түсетін әдеті ғой бұл кісінің, — деген Әндіжанның сөзіне Сағындық жымыйып:

— Мыржекеңнің бар сырып Әндіжап біледі. Екеуі сырлас-ақ. Бұл кісі өз ыркы болмаса, кісі айтқанға көнген емес. Әресе Манапбай екеуі үйлеспейді, — деп күлді.

Бұлар келіп аралаған арқар қойдың қорасы бийылғы бойдақ болатын. Қабырғасы шығыңқы, тілерсегі бота тірсектеу, жүні қою, кеудесі сәл қушықтау, құлағы қалқыйған молтақ, шүйделі ақсары қойлар көзге сүйкімді-ақ. Аяқтары балғадай, тұяғы қашаудай қатты, басы жоғары, жүрістері өте сергек. Бірақ қойдың тұла бойын сынай қарап келе жатқан Алматыдан келген ғалым:

— Осы қойдың әлі де кеудесі қушық, сан еттері жұқа, тым сыйда жатыр. Бұдан төрі сан еті толықыран, кеуде сүйегі кеңісе, бұдан артық қой тұқымы болмас еді. Сонда бұл майы болмаса да, ет жағының өзінен еділбайға да таласып қалар еді, — деді.

Бұл кезде күп бата етекке қайтқан қойын қорасына қарай шалқытып, жиреп атты жас қойшы да таудың етегіне түсіп бара жатты.



Шөлдер айттысы



Әбу СӘРСЕМБАЕВ

Бір күні: құлын, бұзау, козы, лақ,
Ботаны жібек жүнді ортаға ап,
Жаздың бір жан сүйсінер шалғынында,
Кеңесті әңгімеге басын құрап.

Мақтаншақ лақ айтты:
— Меһе, меһе
Нәсілім тауда өскен тағы теке,
Жартас жоқ мен басынан қарғымаған,

Шаншылған шыннан шыңға ортекеше.
Найзадай мүйізіммен жарып салам,
Аш бөрі азу тісін салам десе.
Адамға асыл мамық түбітім бар,
Үстіне киім етіп алам десе.
Төлінен төрт түліктің асылы мен,
Анам да осыны айтты күні кеше.
Құлыншақ судырлатып күлте жалын,
Бір шұлғып, күнге қарап, керіп таңын,
Шінгірлеп, күлкі аралас кісінеп ап:
— Орынсыз асқақтайсың, лақ жаным,
Мақтаныш жалғыз ғана маған сыяд,
Тең түспес бақайыма козы, лағың.
Әлпештеп адам ұлы мені мақтап,
Деп айтад: «Жауға мінер арғымағым!».
Тарихи тай бурылдың ұрпағымын,
Қанатын қактырмаған қаршығаның.
Ер Чапай Еділ бойын дубірлетіп,
Мінген де қорғаған ел аруағын.
Берлинге тігілетін жеңіс туын,
Мен алып ұшқам кеше бейне сағым.
— Мө—ө, мө,—деді—сонда күрең бұзау:
— Мен бе екен қор туған төл, құлы-
ным—ау!

Адамның тіршілігі менде ғана
Желіні жерді сызған анам анау.
Сүті бар көзі бітпес қай-
нар бұлақ,
Қате ғой козы лақты ма-
ған балау.
Сүтімнен елдегілер ішсе
айран,
Вагондар сары май тиіп
тартқан майдан.

Суреттерін жасаған К. Баранов

Берлинге жеңіс туын тігер кезде,
Менің де тимеп пе еді елге пайдам.

— Мө—ө—ө,—деді қой бөбегі-
момын козы,—

Мен бе екен төл ішінде құны
жоғы,

Жүнімнен адам ұлы киіз басса,
Душпанның қардай жауған
өтпес оғы.

Киізім асқа төсек, желге пана,
Қаңтардың сақылдаған боранында,
Совхоздың қаз мойынды тұлпарларын,
Отарда бағып жүрген жылқышыға,
Паналар адам түгіл малдың өзі,
Киізді құрып салса жел жағына.
Тоқылад қой жүнінен сәнді кілем,
Даңқымды жаяр тегіс астанаға.

Болар ма төрт түлікте қойды елемей,
Қой ма екен мал ішінде сүтке кедей,
Қаймақтай бал шырынды кою сүттің
Қатығын кім мақтамас жанға теңей.
Ендеше қой ұрпағын қандай арсыз
Қорлайтын, елге ұлы ырыс демей.

— Бө—ө, бө,—деді бота мойын созып,
Бәрінен төрт түліктің түйе озық,
Сауса—сүт, мінсе—көлік, жүнім—мүлік,
Түйеден қай жануар кетер озып.

«Жел жетпес желмая» дейді елім,
Саржеліп өттім талай жонын белдің,
Қазақтың шаңырағын ғасыр бойы,
Мен талмай өз үстіме артып келдім.

Жапан тұз, құлазыған бетпақ дала,
Сусыз шөл ол бір ажал өзге малға,
Ежелден елсіз шөлде жүк тасыйтын,
Адамның керуені түйе ғана.

Түйеге тең түсетін өзге мал жоқ,
Орынсыз асқақтайды құлын жан да.
Жеңістің зеңбірегін мен де

тартқам,
Кешегі алуан айқас, ұлы
дауда.

Шінгірлеп құлын айтты:
— Қалай мұның?



Жүн десе менің де бар құйрық-қылым,
 Сен өзің бота жаным білесің бе,
 Дертке шипа екенін қымызымның![?]
 «Төзімдімін шөлге» деп мақтанасың,
 Түрікпеннің мен де өткем қызыл құмын,
 Желаяқ жылқыға сен тең келмейсің,
 Демесең кұр сорайған ұзын бойым.
 Төрт түліктің бәрінен асып жатыр,
 Адамға пайда берер менің құным.



Бота айтты:
 — Тіл тигізбе анам нарға,
 Бір көнек, қызыл шұнақ ару
 анаға.
 Бө—ө, бө, түйе малы сүтке
 де бай,
 Түйенің шұбатындай сусын
 бар ма!?

Желкілдеп жібек жүнім мен тұрғанда,
 Баға жоқ қой мен сыйыр, жылқыларға.

— Меһе, ме—е,—деді лақ сөзін бұзып,
 Мыналар кетті тіпті өте қызып,
 Мақтанад жырық ерін бота неге,
 Карашы, төрт мүшесі түгел қызық!
 Бөбегін адам ұлы «лағым» деп,

Сүймей ме құшырланып, қысып тұрып![?]
 — Мә—ә, ә,—деді қозы ашулана,—
 Лақ сен, секеңдемей бермен қара!
 Жеңілтек мінезіңе мақтанасың,
 Пішеннің төбесіне шыққанға да,
 Дәйексіз жүрісінде береке жоқ,
 Сен қалай тең келесің өзге малға.
 Бөбегін «кошақаным, қозым» дейді,
 Сүйкімді лақ емес, қозы ғана.

— Адамзат «құлыным» дейді сүйген ұлын,
 (Таласты осылайша ерке құлын)
 Оларға сенендағы мен сүйкімді,
 Қозыжан, дұрыс емес сенің мұның.

Бө—ө, бө—деді бота күле боздап,
 «Жан ботам» дейді ана ұлын қолға ал,
 Елжіреп бауырына қысады да,
 Сүйеді, «ботаканым—дейді—боздақ».
 Ендеше сол сүйкімді ботаканнан
 Кошақан, лақ, бұзау, құлын ба озбақ!?

* * *

Таласты мал ұрпағы жеңісе алмай,
 Тартысты кезектесіп келісе алмай,
 Олардың дауы әзірге бітер емес,
 Балалар, төрешіге сендер бармай.



Қаскелең балалар үйінің он-күй үйірмесі

Әсеіс мерген

Ә Н Г І М Е

Ә. ТЕЗЕКБАЕВ

Суреттерін жасаған Ш. Бөлтекұлы

Түн. Гриша жөнді ұйықтай алмады. Бір жұмысқа кірісерде жүрегі алып ұшып, мазасы кететін әдеті болушы еді. Ұйқысы бөліне берді. Бір кезде далаға шығып еді, қараңғы түсісімен нәсерлеп құйған жаңбыр басылып, аспан шайдай ашылыпты. Түнгі таза ауада хош иісті гүлдер де айналаға жұпар шашып тұр. Күн шығыс жақ бозамықтанып таң рауандап келеді екен.

Үйге қайта кіріп киіне бастады. Аяғына қопышты ботинкасын, балалы түймелі шалбарын киіп, пенжегін шалбарланып алды. Беліне патронды белдігін буынып, мылтығын мойнына асынды. Сонан соң ештеп басып далаға шықты.

Ол Колянікіне келе жатыр. Айналада қыбыр еткен дыбыс білінбейді. Кейбір қоралардан ғана бірді-екілі қораздар шығып, қанаттарын қағып шақыра бастады.

Гриша келгенде Коляда киініп, далаға шығып тұр екен.

— Гриша, қайырлы сапар болсын! Уәдесе берік екенсің, бірақ қасқырды көргенде, қорқып қашып жүрме!— деп қарқ-қарқ күліп, Гришаның арқасынан қақты ол.

— Кеттік балақай, қасқырдың қорлығы маған әбден өтті. Олар бірнешеу. Әсересе, бір екеуінің басқалардан түрі жат. Біреуі арланы да, екіншісі өлекшіні. Жатағы «Тереңқара» сайындағы көп жыраның бірінде болу керек. Өздері өте тіс қаққан қу. Жолымыз болып сол екеуін жайғастырсақ, бүгінгі таңда бізден олжалы ешкім болмайды.

Бұлар қыстақтан жеті шақырым шығып, «Тереңқара» ға жақындағанда, жаңа дегдіген жас балшыққа түскен екі ізге кездесті. Бұл жерлердің шөбі сирек болады және шөл болғандықтан жусан мен иезнен басқа шөп шықпайды. Сондықтан да аңыздан өскен жусан, иезінің арасынан қасқырлардың ізі баттылып, ап-анық көрініп жатыр. Іздер сайдың тік бетін қапталдай жүріп отырыпты да, сайдың орта шеніндегі бір тұң шеттікті айнала беріп екі айрылыпты.

— Ал, балақай — деді Коля ізді нұсқап, сен оң қол жақтағы ізге түсі! Мен мынасын іздетейін. Бірақ, ізден көз жазып қалып жүрме! онша алыста болмау керек және қорықпа! Қасқыр күндіз адамға шаппайды. Мылтығыңды

оқтап, қолыңа ұстап ал!— деді де сол жаққа қарай айрылған ізге түсті. Гриша да оң қол жақтағы ізді қуып, жүріп кетті.

Жаңа шығып келе жатқан күн терең сайдың төрістік жақтары қабағына алғашқы сәулесін шапты. Із бірде төмен, бірде жоғары шығып, жыланша иреңдеп келеді. Бет алысы алдыңғы жақта көрінген бірнеше шұңғыма жыраларға бастауда. Көктемгі қар суы қазып кеткен бір орға келгенде, із бірнешеу болып кетті. Бұрығының үстіне үш-төрт кішкене іздер қосылды. Әкесінің аң, аңшылық жайындағы талай әңгімесін естіген Гриша үлкенді-кішілі көп ізді көргенде, балалы қасқырдың жатағына жақындаранып аңғарды. Күшік еміп жүрген өлекшіні



қасқыр өте ашулы келеді, еш нәрседен тайынбайды деген әкесінің сөзі де есіне түсті. Тоқтап мылтығын қолына алды. Жан-жағын әбден байқап, аяғын ептеп басып, сылдырын білдірмей жүрді. Екінші шұңғыманың шетіне еңбектеп жетіп баспа қып тұрды.

Шұңғыманың орта шеніне таман, жардың қалтарыстау пінін көлегейлей өскен бір түп шеттік анда-санда қозғалып қояды. «Бұл неге қозғалады? Жел соғып тұр ма?» деп Гриша жанындағы шөптерге қарап еді, бәрі де қыймылсыз тұр. Шынында ауа тынық болатын. Ерекше бір жайдары нұрлы күн, мейірімді құшағын айналаға кең жайып келе жатты.

«Індеткем екен. Жатағыңның үстінен дәл басыпшың» деп ойлаған Гриша мылтығына бір түп шеттікті нысана етіп:

— Ай, ей! — деп айғайлап жіберді.

Шеттік сылдыр-сылдыр етіп қатты қозғалды. Тасадан көзі шоқтай жайқап, көк шұнақ өлекшіні қасқыр шыға келді. Азу тісі күректей болып ақсыйып, айбаттана ырылдап тұр. Қыбыр етсе, Гришаға оқша атылмақ. Ашулы қасқырдың айбарлы түрін алғаш көргенде, Гришаның тұла бойы дір ете қалды. Бірақ тез есін жыйып мылтықтың қарауылына қақ маңдайдан іміне кеткен өлекшіні басып салды. Мүлт кеткен жоқ. Өлгіде ғана жер дүниенің аңшысын қуырардай болып тұрған жыртқыш, бұралып барып сылқ ете түсті. Аяқтары шалғыланып, жайнаған көз жанары сөніп бара жатқан шоқтай, өліп бара жатты.

Гриша жарқабақтан қарғып түсіп еді. Шеттік бұтақтары сылдырап тағы да қыймылдай бастады. Ол тоқтай қалды. Қараса едәуір өсіп, қара құлақ болып қалған үш бөлтірік бұтаның тасынан шығып келе жатыр екен. Гриша жардың қуысына тығыла қойды. Бөлтіріктер жан-жағына қарап тұмсықтарымен иіс тартып, өліп жатқан енесіне жақындады. Бұл кезде Гриша да мылтығын оқтап болып еді. Оған ой түсті. «Кішкентай күшікті несіне атамын!? Жас қой. Ол мал жеуді біледі дейсің бе!? Өлгіде ғана атылған мылтық даусын тез ұмытып, жатағынан шығып тұрғаны да сол қой» деп ойлады. «Бірақ-деді ол, — бүгінгі бөлтірік — ертеңгі бөрі емес пе!? Бөрі бөрілігін істемей қоймайды. Жауды аяған жаралы қалады. Ертең өскен соң бұлардың да малға шабатыны сөзсіз. Сондықтан құрту керек!» деген қортындыға келді. Бір біріне тығыла енесінің өлі дәнестің ніскөлей бастаған бөлтіріктерді тобымен басып салып, екеуін баудай түсірді.

Гриша жайрап жатқан өлекшіні қасқыр мен оның екі бөлтірігінің қасына келіп, беліндегі қынынан пышағын суырды. Бұл оның әкесінің пышағы еді. Әкесі майданға барып, Сталинград түбінде ерлікпен қаза тапқан болатын. Пышақ әкесі майданға кеткеннен бері, жез қынға салынып қыстырулы тұратын; Гриша кеше мылтық тазартқанда мұны да тазартып, ертеңгісін қынымен белдігіне өткізіп алған.

Шанқа түсіп тұрған өткір пышақ көк бөрінің терісін сыпыра бастады. Әрине, алғашқы рет сыпырып отырған терісі болғандықтан бұл жұмыс Гришаға оңай соққан жоқ. Тұла бойын тер жуып кетті. Әкесінің талай аңның терісін сыпырғанын көрген жас мерген түс ауғанша әуреленіп, өлекшіні қасқыр мен екі бөлтіріктің терісін әзер сыпырып шықты және еш жерін кеспей, бүлдірмей алды.

Бөрінен қыйын терілерді алып жүру болды. Бөлтіріктердің терісін арасына орап, үлкен теріні екі бүктеп ұйырына салғанда, екі ұшы жер сызып жүргізбеді. Жерге қайта қойып жұмарлап бүктеп қайта көтерейін деп еді, құшағына сыймады. Сонсоң бір уыс ши жұлып алып, теріні дөңгелентіп, бір неше жерінен байластырып мойныға салып алды.

Гриша ауылға келгенде, аспанның алтын күні алыстағы тау қырқаларына ақырғы нұрсәулесін аямай төгіп, батып бара жатты. Сол түстіктен майдалай өскен самал жел бойды жұған терді құрғатты. Гришаның бір үйір қасқыр атып әкелгені де қыстаққа тез тарады. Коляда бір арлан қасқыр атып әкеліпті.

Гриша Злобин быйыл 15 жаста. Былтыр орталау мектептің 7 класында оқып жүргенде пионерден комсомолға алынды. Быйыл 8 класта оқып жүр.

Ол Шығыс Қазақстан облысының Самар ауданындағы Баты қыстағында тұрады. Былтырғы аң аулау маусымында 3 қасқыр, 8 түлкі ұстап, терісін мемлекетке өткізді. Бұл ерлік істері үшін жас мергенге Самар аудандық «Живсырье» конторы бірнеше рет бағалы сыйлықтар, мақтау қағаздар берді.

Жас аңшы Григорий Злобин жазды күні ондаған қақпанмен колхоздың дәнді егістерінің жауы сарышұнақ тышқандарды көп аулау үшін езі қатарлы комсомолдармен жаңа бесжылдық атындағы социалистік жарысқа қосылған еді. Бұл жарыста да Гришаның езі алған мемлекеттік міндетті аброймен орындап, жарыстың озаты болып шықты.

Біз дружина советіне кімдерді сайладық

Қаскелең балалар үйінің залы мойындарына қызыл галетук байлаған жас пионерлерге лық толды. Олар бүгін өздерінің арасынап үлгілі жолдастарын дружина советіне сайлағалы жыйналды.

Аға пионер вожатыйы Инна Королева ең алдымен оларды қатарға тұрғызып звено, отряд вожатыйларынан рапорт алды. Сонан соң оларға бүгінгі жыйынның мазмұнын түсіндірді. Сөйтп, олар дружина советін сайлауға кірісті.

Сайлауда дружина штабының бұрынғы бастығы жыл бойы істеген жұмысы туралы есепті баяндама жасады. Баяндамадан кейін пионерлер кезекпен шығып сөз сөйледі.

Дружина советі 10 адамнан сайланды. Олардың барлығы да сабақты жақсы оқыйтын, қолынан іс келетін, әдепті үлгілі пионерлер.

Енді біз сол дружина советіне сайланған пионерлердің істері туралы бір—екі әңгіме айтпақпыз

Пионерлерге арналған баяндама

Бір күні кешке балалар үйінің басқа бөлмелерінде шам сөнгенде бір бөлмеде ұзақ уақыт шам жанып тұрды. Ол бөлмеде тарих үйірмесінің мүшелері жыйналды. Үйірмені басқарушы комсомолка Инна Королева үйірме мүшелеріне «Пионер ұйымының жауынгерлік дәстүрлері» деген тақырыпта баяндама жасады. Ол пионер ұйымының құрылған күнінен бастап, осы уақытқа дейінгі отан алдындағы істерін, ерлік еңбектерін айтты.

Пионер ұйымы тәрбиелен өсірген Отанымыздың батыр ұл—қыздарының Ұлы Отан соғысы майдандарында неміс-фашист басқыншыларына қарсы күресте көрсеткен асқан ерлік керемет батырлықтары туралы айтты. Пионерлер Королеваның өте шеберлікпен айтқан әңгімелерін құлақ қойып, ұйып тындады.



ҚАСКЕЛЕҢ БАЛАЛАР ҮЙІНДЕ
Дружина советінің мәжлісінде советтің мүшесі Нүрсәмила Ташева есеп беріп тұр.

Баяндамадан кейін пионерлер өзара пікір алысты.

—Апта сайын осындай баяндамалар ұйымдастыру керек екен—деді Рауф Фатихов.

—Үнемі пионер ұйымы туралы ма? деп сұрады біреуі.

—Жоқ, неге ылғый пионер ұйымы туралы болсын, — деді Фатихов, — әдебиет, тарих, география, физика, математика сабақтарынан да баяндама жасауға болады, сонда барлығыда қатысып тұрған болар еді.

Пионер Фатиховтың ойына Қаскелең балалар үйінде пионерлерге арнап баяндама жасау деген пікір осылай туып еді.

Рауф Фатихов жатақханаға келгеннен соң, баяндама ұйымдастыру туралы көп ойланды. Келесі күні ол балалар үйінің директоры және аға пионер вожатыймен баяндамалар ұйымдастыру туралы сөйлесіп, келісті. Олар оған көмектесетіндігін айтты.

Рауф Фатихов айтқанын орындайтын пионер. Ол ойлаған ісін, аяқтатып тынбай қоймайды.

Сембі күні «Кітап—балалардың ең жақын досы» деген тақырыпта баяндама жасалды. Балалар кітаптың қадырын, маңызын, оның ақылшы екенін жақсы түсінді. Сөйтіп, әр сембі сайын үйірме бастықтары: мұғалімдер, тәрбиешілер, вожатыйлар мектеп пионерлеріне бір тақырып туралы лекция оқып тұратын болды. Бұл пионерлердің ой—өрісін кеңейтіп, білімін көтеруге көп көмек болады.

Ал қазір Рауф Фатихов мейрам күндегідей безендірілген балалар үйінің залында өзінің ең жақын достарының арасында отыр. Мұнда барлық пионерлер жыйналған. Столдың жанында балалар үйінің директоры, комсомол комитетінің секретарі және аға пионер вожатыйы отыр. Қабырғада «Ең жақсы пионерлерді дружина советіне сайлаймыз!» деген әдемі әріптермен жазылған ұран ілулі тұр.

Пионер вожатыйы сөзін аяқтады. Зал тым—тырыс. Советтер Одағы Батыры Митиннің қызы —Фая Митина сөз алып, сөйледі. Ол Рауф Фатиховты дружина советінің мүшелігіне сайлауды ұсынды және Ақат Күленов тағы басқалары да Рауф Фатиховтың адал, ұқыпты, іскер пионер екендігін, оның тапсырған міндеттемелерді орындай алатындығын айтты. Сөйтіп Рауф Фатихов дружина советінің мүшелігіне сайланды.

Үлгілі звено вожатыйы

Бытырғы жылы болған бір оқыйғаны бүкіл дружина біледі. Балалар үйіне сексеуіл әкелінді, оны есіктің алдына түсірді. Жаңа жауа бастаған қар оны үстінен баса бастады. Мұны

Фая Митинаның зветосындағы пионерлер байқап қалды. Олар сексеуілдің неге сарайға тасылып алыпбағандығын анықтағысы келді. Сөйтсе, сторож ауырып қалыпты. Сексеуілді сарайға тасып кіргізуге кісі болмай қалған екен. Сонсоң Фая завхозға келіп, өзінің звеносының сексеуілді сарайға тасып бергендігін айтты.

Завхоз оларға отынды үйетін орынды көрсетіп берді. Пионерлер жұмысқа бар ынтасын салып кірісті. Лезде-ақ сексеуіл құрғақ сарайға тасылды, реттеліп үйілді.

Звеноның жыйынында Фая Митина газет, журналдан ең қызық материалдар оқыйды. Өйткені, кейбір пионерлер шет елдерде, біздің отанымызда болып жатқан кейбір ірі маңызды оқыйғаларды білмейді екен. Фаяның звеносының бір жыйыны қызықсыз өтіп көрген емес. Барлық жыйында да пионерлер ойнайды, әлең айтады, би билейді. Олар кейде бірігіп кітап оқыйды, кесте тігеді, дөйбы, шахмат ойнайды.

Фая Митинаны Қаскелең балалар үйінің барлық пионерлері біледі. Оның әкесі Советтер Одағының Батыры. Ұлы Отан соғысы майдандарында неміс-фашист басқыншыларына қарсы совет халықтарының панысы, азаттығы және тәуелсіздігі үшін қаһармандық күресте ерлік өліммен қаза тапқан. Фаяның өзі де дружинадағы ең таңдаулы звено вожатыйларының бірі. Сабақты өте жақсы оқыйды, тақауда комсомол қатарына алынды. 1-отрядтың пионерлері Фаяны дружина советінің составына сайлауды ұсынды. Залда көтерілген қолдар көбейіп кетті. Сөйтіп Фая Митина — Советтер Одағы Батырының қызы, бір ауыздан дружина советінің мүшелігіне сайланды.

* * *

Дауыс беру біткеннен кейін аға пионер вожатыйы Нина Королева дружина советінің мүшелерінің тізімін оқыды. Тізімде балалар үйінің ең таңдаулы пионерлері Рауф Фатихов, Фая Митина, Рахил Арбуду, Нұржәмила Тәшева, Катя Журкина, Ваня Спасовский тағы басқалардың аттары аталды.

Содан соң «Смирно!» деген команда берілді. Аудандық Комсомол Комитетінің өкілі дружина советінің председателі мен мүшелеріне пионер значогін тапсырды. Содан кейін пионер значогі дружинаның барлық пионерлеріне тапсырылды. Пионерлер бірінен соң бірі келіп, қызыл галстуктің қатарынан «Әрқашанда дайыпбыз!» деген жазуы бар алқызыл пионер значогін тақты.

Н. ҚУАНДЫҚОВА

Қаскелең балалар үйі.

БАТЫРДЫҢ АНАСЫНЫҢ ҮЙІНДЕ

Жуырда жексембі күні біз бүкіл звеномызбен даңқты жерлесіміз, Советтер Одағының Батыры, ұшқыш Нүркен Әбдіровтың шешесінің үйіне бардық. Біз әуелі есік қағып, рұхсат сұрап үйге кірдік. соңсоң батырдың бетін әжім

басқан кәрі анасына әдеп пен иіліп кішілік сәлем бердік. Ол бізді хошаметпен қарсы алды. Біз ол кісіге өзіміздің ойын-сауықтарымызды көрсетіп, көңілін көтергелі келгенімізді айттық. Кәрі ана бізге ризалық пішін білдірді, біз өзіміздің дайындап әкелген ойын-сауықтарымызды бастадық.

Пионерка Хамида Хасенова «Туған жер» деген өлеңді әнімен орындап берді, Жанайдар Аубакиров өзінің «Батырдың ізін басамын» деген өлеңін оқыды, ал Маржан Исламова «Кенес» күйін биледі. Соғансоң бәріміз қосылып «Советтер Одағы пионерлерінің жыры», «Отан жырын», «Сталин туралы жырды» айттық. Нүркеннің шешесі бізге өте риза болды және алғыс айтты.

— Нүркен де сендер сыяқты көңілді еді— делі қарт ана—ұшқыш, командир болып шығамын деп арман етуші еді. Дене шынықтыру ісімен айналысушы еді, «ана, ұшқыш әрі мықты, әрі ақылды, әрі білімді болуы керек» дейтін ол...

Біз бәріміз үндемей тыңдап отырмыз. Қарт ана бізге батыр баласы туралы әңгіме айтып отыр. Біздің көз алдымызға батырдың балалық шағы, оқушылық өмірі, неміс-фашист басқыншыларға қарсы совет халықтарының Ұлы Отан соғысы, Нүркеннің майданға аттануы, майдан аспандағы ұрыс, жанып жерге құлап түсіп жатқан неміс самолеттері, ең ақырында Нүркен отырған қызыл қанат самолеттің жанып құлап бара жатқаны, оны Нүркеннің әдейі бұрып әкеліп, неміс танк колоннасының, бензинді цистерналарының үстіне әкеліп түсіруі, сөйтіп Нүркеннің ерлік өлімімен қаза табуы... көз алдымыздан елестеп өтіп жатты. Көбіміздің кезімізге жас та келіп қалды.

Арамыздан біреу:

— Біз де сіздің Нүркен балаңыздай батыр боламыз! деді.

Біз қарт анамен қоштасып, мектепке қайттық. Ана бізді қыймай, тағы да келіп жүруімізді сұрады. Біз келіп жүруге уәде бердік.

Бұл жыйын біздің есімізде көпке дейін сақталады.

С. КЕНШІМБАЕВ.
Қарағанды қаласы.

МОДЕЛЬ ЖАСАУДЫ ҮЙРЕНДІК

Менің көптен ойлаған ойым самолеттің конструкторы болу еді. Бұл ойымды өзіммен бірге жүрген жолдастарыма айтқанымда олардың ішінен Нүркеш пен Амантай өте қостап, олар да қызығатындықтарын білдірген еді. Біз орта мектепті бітірген соң ұшқыштар мектебіне түсетіндігіміз туралы уәделесіп қойдық.

Быйылғы жазғы демалыс кезінде, бір күні біздің ауылдың жанына бір самолет келіп қонды. Басқа ауыл адамдарымен бірге Нүркеш, Амантай үшеуміз де самолеттің қасына бардық. Біз самолеттің алды-артына шығып, оның барлық құрылысын байқап, білім алдық. Ертеңіне біз шимен қағазды қатырып, самолеттің тұлғасын жасадық. Бұдан кейін оған қанат, құйрық және пропеллер орнаттық. Сөйтіп, кәдімгі самолеттің моделін жасап шықтық. Біздің ол моделіміз қазір пионерлер бөлмесінде сақтаулы.

Шәкен БЕКТЕМІРОВ.

Семей облысы, Ақсуат орта мектебі.

САУЫҚ КЕШІ

Біздің пионерлер ауылда сауық кешін жиі ұйымдастырады. Бір пьесаны күні бұрын дайындайды. Әбден дайындалып болған соң ауылдағыларға хабарлаймыз. Колхозшылар біздің спектакелімізді көріп, өлеңімізді есту үшін өздері тіленіп келеді.


Егер спектакеліміздің декорациясына киім-кешек, я стол — орындықтар жетіспейтін болса, колхозшылар барымен көмектеседі. Колхозшылар біздің қойған спектакелімізді, айтқан өлеңдерімізді, билеген билерімізді өте мақтайды және тағы да сондай сауық кештерді жиі ұйымдастыруымызды сұрайды.

Қазір біздер Ұлы Октябрь социалистік революциясының 29 жылдық мерекесіне арналған сауық кешімізді дайындап жатырмыз.

Қ. АХМЕТОВ.

Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауданы.





ПИОНЕРДІҢ БЕЛГІСІ, ҰРАНЫ, САЛЮТІ ТУРАЛЫ

БІЗДІҢ БЕЛГІМІЗ

Сендер Советтік Социалистік Республикалар Одағының үлкен гербін білесіңдер ғой. Ол герб бидайдың алтын дәнімен оралған. Ортасында айнастыра салынған балға мен орақтың суреті бар.

Бұл балға мен орақ—біздің социалистік отанымыздың белгісі (эмблемасы).

Бұл белгі мұхиттың суып сапырып, тау толқынды бауырдай, қалың мұзды таспадай тіліп жүрген аты шулы кемелеріміздің мандайына кадалған.

Бұл белгі Қызыл Армияның батыр полктарының жауынгерлік туына жазылған.

Бұл белгі Қызыл Армияның жауынгерлері, офицерлері, генералдары киетін бас киімдерінің мандайындағы бес тармақты жұлдыздың ортасына салынған.

Енді өз кеуделеріндегі пионерлік значоктеріңе қараңдаршы. Бұл значокте де балға мен орақ тұр. Бұл белгі нені көрсетеді?

Балға мен орақ—жұмысшылар мен шаруаның—еңбекшілердің мызғымас одағының ұлы белгісі.

Пионер значогінің үстіңгі жағында жалындап жанған үш тармақ от көрінеді. Бұл үш тармақ жалын пионер галстугінің үш бұрышы сыяқты, үш тете ұрпақтың—коммунист, комсомол және пионердің өз ара тығыз байланысының белгісі.



Эмблема, девиз, салют — деген ұғымдар орта ғасырдағы серілерден (рыцарьлардан) қалған мұра. Сері деп ертеде елге даңқы жайылған атақты батырларды атаған. Ақсүйек, феодалдар ортасынан шыққан серілер халықты қатты күйзелтті. Олар ел шауып, керуен талайтын жол торып, жолаушыны тонайтын. Олар қарауындағы шаруаларға күй көрсетпейтін. Осындай неміс серілерінің бір тобын Александр Невскийдің орыс жерінен айдап шығып, Чуд көлінің түбіне батырғанын қанәдан көрген боларсыңдар.

Бірақ, біз бұлардан басқа шын ержүрек, таза, әділ, батыр серілердің де болғанын білеміз. Бұл серілер серілік уағыздарды қатты дәріштейтін. Ондай уағыздары: «сері екі айтпайды, айтқанынан қайтпайды», «сері ешқашан арамдық жолға баспайды, күнәсіз жәбірленгендерді қорғайды» тағы басқалар.

Олар ерліктің, күштіліктің белгісі етіп қалқандарына ең мықты аң — арыстанның, ең мықты құс — бүркіттің тағы басқалардың суреттерін салдыратын болған. Міне, мұндай белгілер «эмблема» деп аталған.

Эмблеманың астына серіліктің басты шарттарын көрсететін мынадай жалынды сөздер жазылатын. «Айтқанымды істеймін, басқаша болу мүмкін емес» «Іздегенім так емес, мал мен бақ емес, әлсізді қорғау» Міне, осындай сөздер «девиз» деп аталған.

Серілердің бетін жауып тұратын пердесі болатын. Олар біріне-бірі кездескенде, біріне-бірінің жаулық ниет жоқ екенін білдіру үшін оң қолдарымен бас киімдерінің пердесін көтеретін. Бұл оларша:

— Біз соғыспаймыз, жау емеспіз — дегендіктің белгісі еді. Серілердің осылай амандасуы «салют» деп аталған. Бұған бірнеше жүз жылдар өтті. Бірақ әлі күнге дейін армияның солдаттары амандық білдіру үшін, оң қолдарын бас киімінің маңдайына тигізеді.



ПИОНЕР ҰРАНЫ

Өздерің оқып жүрген «Пионерская правда», «Қазақстан пионері» газеттерінің шекасында «Ленин—Сталин ісі үшін күреске дайын бол!» деп жазылған. Бұл жас пионердің ұраны (девизи) деп аталады.

Пионердің кеудеге тағатын значогінің төменгі жағында «әрқашан дайынбыз!» деп жазылған. Бұл әрбір пионердің Ленин—Сталин ісі үшін күреске әрқашан дайын тұратындығын көрсетеді.

Пионер ұраны пионерлердің жыйындарында, парадтарында, слеттерінде және пионерлерге арналған сөзде жарияланады.

ПИОНЕР САЛЮТІ

Пионерлердің сәлемдесуін салют деп атайды. Салют бергенде, оң қолдың бес саусағы қатар жазылып, бастан жоғары көтеріледі. Бұл бастан асыра көтерілген бес саусақ — пионерлер әрқашан жердің бес бөлегіндегі еңбекшілердің мүддесін өзінің қара басының мүддесінен жоғары ұстайды деген мысал.


Пионер салюті — «Барлық елдердің жас пролетарлары, бірігіңдер!» деген ұранды көрсетеді.

Пионерлер біріне-бірі кездескенде, жолатыпқа, үлкен кісіге, әскери бөлімге жолыққанда салют береді. Сонымен қатар пионерлер «Советтер Одағының мемлекеттік гимні» мен большевиктер партиясының гимні — «Интернационал» ойналған кезде, Ленин мавзолейі мен Ленинге арналған ескерткіштің қасынан өткенде салют береді.



Шаңғыны қолдан қалай жасау керек

И. И. ВЕСТФАЛЬ



Балалар, қылышын сүйретіп қыс келеді, жердің бетін ақ қар, көк мұз басады. Сонда қалың қардың үстімен жаяу жүру қиын болады. Сондықтан да адам жүрісін жеңілдету үшін шаңғы қолданылады. Бірақ шаңғы жұрттың бәріне бірдей жетісе бермейді. Әсіресе, қаладан алыс жерлерде ауылда, қыстақта шаңғыны қолға түсіру өте қиын. Ондай жағдайларда оны қолдан да жасауға болады.

Шаңғыны қолдан жасау үшін ара, балта, сүргі және сүргілейтін орын сыяқты жабайы құралдар керек. Оған қолайлы ағаштар: қайың, қарағай және емен. Оны іздестіргенде, диаметрі 15—25 сантиметрдей, бұтақтары жоқ, шірімеген ағашты таңдап ал. Ол ағашының ұзындығы түрегеп тұрып, қолыңды жорары көтергендегі бойының биіктігіндей болсын.

Шаңғыны қалыңдығы 4-6 сантиметрдей жақсы кептірілген тақтайдан да жасауға болады. Алдымен ағаштың енін 10 сантиметр, қалыңдығын 3—4 сантиметрдей етіп, қырнап жөн.

Тегістеген ағашыңды бір-біріне қабыстырып байластырда, ортасын айырып тұратын ені 8—10 сантиметр қыстырма қой (1-сурет). Соған соң 4—9 күнге дейін пештің үстіне кептір. Кепкен соң кәдімгі шаңғыға ыңғайлап сүргілеу керек.

Шаңғының алды болады деп ұйғарған басын (тұмсығын) жарты немесе бір сағаттай ыстық суға салып булап балқыт. Сонсоң оны қалыпқа салып иіс керек, ал қалыпты қолдан жасап алуға болады (2-сурет). Басын игенде ағаш жарылып, не сынып деппес үшін асықпай, біркелкі баппен иген дұрыс. Басы имектелген күйінде оны тағыда жөн.

Шаңғының табан жағының ортасын дөңес жүзді сүргімен тереңдігін 2 миллиметр, енін 10—15 миллиметр етіп жонып, өзекше шығар.


Шаңғының аяқ тұратын жерінің бүйірінен қайыс өткізетін ені 4—5 миллиметрдей етіп тесік жасайды. Мұны жасағанда оның алдыңғы жағымен арт жағының салмағын теңестіргенде, алдыңғы жағы сәл басыңқы болатын жерден тескен жөн.

Шаңғыны ең алдымен шынымен, сонан соң былғарымен тегістеп майдалайды. Бұдан кейін оны пешке немесе ыстық шоққа қыздырылған ағаш смоласымен майла. Сонсоң оның сарғаятын жағына смоланы шүберек немесе кистімен жақ. Оны май жұтып, қара қоңыр болғанша майлай беруге болады. Бұдан соң екеуін бір-біріне беттестіріп байлап, қайқайған тұмсықтарының арасына тіреуіш, ортасына қыстырма қой.

Оның аяқ тұратын жеріне ұсақ шегемен жұмсақ резенке немесе жұқа қабылтыр қағу керек. Дымқылдықтан сақтау үшін шаңғыны лак, олиф сыяқты бояулармен бояған жөн.

Шаңғының таяқтары түзу болып және ұзындығы тебушінің қолтығынан келсін. Жуандығы 2-2,5 сантиметр болсын. Оның басына кигізетін дөңгелектің диаметрі 15—18 сантиметр болады. Ол солқылдақ тал сыяқты жақсы илетін ағаштан жасалады. Таяқтың ұстайтын жақ басына ені 1—2 сантиметр қол сыятындай қайыс өткізіледі (3-сурет).

Осындай жолдармен жасалынған шаңғымен қандай қардың үстімен болса, жеңіл және жылдам жүруге болады.





ІЗ ШІЛДІК САБАҒЫ

Қ. БОРАМБАЕВ

Қан сонарда бүркітші шығады аңға,
Таудан түлкі табылар аңдығанға.
(АБАЙ)

Сембі күні жапалақ-жапалақ ақша қар жауды. Ауа райы тымық желсіз еді. Алғашқы жауған қар ақ жайма жайғандай жер бетін жапты да қалды. Сонар күннің белгісі елестеді. «Жаңа қала» мектебінің жаратылыс пәнінің оқытушысы сабақ соңында ізшілдік жайында әңгіме жасады.

—Балалар, ертең жел сорып, қарды ұшырып әкетпесе, нағыз сонар күн болмақ. Ертең аңға шығайық, қоян аулайық, аңдардың ізін айырайық.

Қар бетіне түскен аң ізін қалай айыру керек? Ізді көлемінен болжап қай аңның ізі екенін айыруға болады. Түлкінің алдыңғы табанының таңбасының ұзындығы 6,5 сантиметр, көлденеңі 4,8 сантиметр, артқы табанының ұзындығы 5,8 сантиметр, көлденеңі 4,8 сантиметр болады. Сол сыяқты әрбір аңның ізінің өзінше көлемі бар. Денесі ауыр үлкен аңның ізі батылып аң-аңық боп көрінеді. Салмағы жеңіл аңның ізі көмескіленіп жатады. Жәпе аңдар жүрген жеріне құмалақ қалдырады, тоғай арасында секіріп ойнап жүргенде яки шошын қашқанда жүні ағаштың бұтарында ілініп қалады. Осының бәрі ізді айыруға, аңды тануға көмекші болады.

Кей аң жорытқанда құйрығымен жер сабап, өзінің ізін қар мен жауып отырады. Ал қоян келе жатып, кері бұрылып бірнеше метр жерге секіріп түседі де ізін үзіп тастайды. Сонымен деймін-ау аңшы болу үшін мейлінше із танығыш, ізшіл болу хажет.

Тәжірибелі аңшылар ізкесер келеді. Олар үзіліп қалған ізді де іздеп алады. Әңгімені осыған жеткізіп, мұғалім оқушылар мен кеңесін бітірді. Балалар үйлі-үйіне тарасты.

Таң атты. Күн шайдай ашық. Таңертеңгі суық беттерін қарып, балалар мектепке келді. Мұғалім бұлардан ертерек келген екен. Ол Хабиб деген баланың түлкі ұстап алғанын газеттен оқып, балаларға айтып берді. Хабиб Сағинов Тәжік ССРның, Шұльмақ ауданы, Галыба атындағы колхозда тұрады. Бір күні таңертең ол құстарын далаға шығаруға, жем беруге құс қораға барады. Құстарын санағанда екі тауығы жоқ, болып шығады. Ол көңінің үстінен бір аңның ізін көрді. Тақтайдың сарықшағы іліп қалған қызыл жүнді көрді. Ол ойлап-ойлап тұрып, «тауықтарымды түлкі қу қораға түсіп жеп қойған екен»—деді. Сөйтіп Хабиб келесі түнде құс қорада түнеді. Оның түлкіні тірідей ұстауға көңілі кетті. Түн ішінде түлкі дән-

деген қораға тағы келді. Тауықтарды әлекке салды. Хабиб қораның есігін жаба қойды. Түлкіні бір бұрышқа қарай ығыстырды. Үстіндегі шапанын шешіп алып, түлкіге жапты да, түлкіні бас салды. Ол түлкіні тірідей ұстап, шапанға орап қысқан қалпында колхоз басқармасына әкеліп тапсырды.

Аңға шығуға әзірленіп, балалар далаға шықты. Құбайкен, Марат, Қайыр мұғалім—төртеуі шілікті «Ақпан» тауының қойнауына бет алды. Біраз жүргеннен кейін шіліктің шетіне ілікті. Жолшыбай мұғалім: қасқырдың алдыңғы табанының таңбасының ұзындығы 10 сантиметр, көлденеңі 7,5 сантиметр, артқы табанының таңбасының ұзындығы 9,5 сантиметр, көлденеңі 5,5 сантиметр екенін айтты, және иттің ізін өздерің өлшеп айырыңдар, оның үшін итті ертіп шығып, табанының таңбасын қарға түсіріп өлшеңдер» — деді.

Бұл сөз балаларға ұнап кетті. Омар: «Мақұл» десті.

— Онымен қатар үй қоянының ізін де осы жолмен табыңдар—деді мұғалім көкейге қонымды жас аңшылар шілікке кіргенде алдарынан бір із кездесті. Балалар өзара таласты. Марат «бұл иттің ізі» деді.

— Хайыр тұрып: «мен бұған қарсымын, бұл қасқырдың ізі болу тиіс» деді.

Құбайкен: түлкінің ізі деді.

— Балалар, — деді мұғалім, — бұл із иттің ізі. Олай дейтін себебім: біріншіден іздің белгісі иттің табанынан аумады, екіншіден із ауыл жақтан шыққан.

Үш бала күні бойы ұстазының қасында жүріп ізшілдіктің талай-талай сабағын өтті. Бұдан былай иттің ізін түлкінің ізі, не қасқырдың ізі деп таласпайтын сабақ алды. Алғашқы сонар күні олар екі қоян, онбес шақты шым, көкілік атып алып қайтты.

ОЗАТ ОҚУШЫЛАР

Бұлар аз ойнап, көп оқыйды. Аз ұйықтап, ұзақ және тыянақты түрде сабақтарына дайындалады. Оқудан қалып көрген емес. Мектептеріне үйге берілген тапсырманы үзбей және уқыптылықпен орындап барады. Олар класта оқытушының берген сабағын, сөйлеген сөзін зер қойып тыңдап, бәрін де ұғып алады. Конспектіні бұлар өте ықтыятты түрде жазады. Оқытушының сұрақтарына өте дәріпті жауап қайтарады. Мектеп тәртібін бұзбайды. Бұлар үйде де, түзде де тәртіпті. Кітап оқудан қол үзбейді. Оқыған кітаптарының ішіндегі білмегендерін оқытушыларынан, үлкендерден уялмай сұрап алып отырады. Бұл балалар қоғам жұмысына белсене қатынасады. Өздерімен бірге оқыйтын жолдастарына кітаптары мен де, білімдерімен де бар көмектерін көрсетеді.

Сөйтіп, үстіміздегі оқу жылы басталысымен-ақ озат-отличник оқушы болуға талпынды. Оқу жолына бар ынта-жігерлерін салды. Суреттегілер осындай үлгілі істерінің арқасында үнемі отлично оқып келе жатқан, Алматы қаласындағы № 18-ер балалар мектебінің оқушылары: сол жақта жоғарыдан төмен қарай: Үмбетов К., Төребаев М., Жалитов А. мен № 12-қыз балалар мектебінің оқушылары: оң жақта, жоғарыдан төмен қарай: Жанғабылова С., Қожамқұлова Р., Сүлейменова Б.

Бұл оқушылар табыстарына ешқандай дандайсымайды. Бірінші жарты жылдықты отлично оқумен бітіреді.

К. Жұманов



МИЛЛИОН ЖЫЛДАР

Жер бізге өте үлкен көрінеді, бірақ күннің үлкеңдігі жерден 1300.000 есе артық. Алайда күннің көзі шайтабақтай-ақ боп көрінеді. Өйткені күн бізден 150 миллион километр алыстықта тұрады.

Жерге ең жақын жұлдыз Проксима, дегенмен, ол да күннен алыс. Оған бару үшін бір минутта 75 километр ұшсақ та, миллион жылда жете алмас едік. Адамның жүрегі минутына 75 соғады деп шамамен есентегенде, жүрек бір соққанда бір километр ұшқанның өзінде, күнге жетуге төрт жыл керек болар еді.

Астрономдар жұлдыздардың бірінен бірінің алыстығын уақытпен өлшейді. Жарықтың сәулесінің жылдамдығы секундiне 300000 километр, сонда оның жылдық жылдамдығы 9460 000 000 000 километр. Жаңағы айтылған проксимадан жарық сәулесі 4 жыл 3 айда жерге әзер келеді. Кейбір жұлдыздардың жарығының бізге жетуіне жүз, мың, миллион, жүз миллион жылдар керек. Демек, жұлдыз жерден сондай алыста!

Осы жұлдыздарды, аспан әлемін зерттейтін астрономдар. Олар зерттеу құралдары арқылы көзге көрінбейтін тым алыстағы жұлдыздардың көлемі мен алыстығын шамалай алады. Ол құралды телескоп деп атайды.



1-сурет

Телескоп 16 ғасырда жасалынды. Телескопты аспан күмбезін зерттеуге бірінші рет қолданған Галилей. Телескоп тарихын 1609—жылдан бастап санайды.

Бірінші телескоп—Галилей трубасы (1-сурет), трубаның ауыз жағындағы екі беті дөңес шыныны (линзаны) объектив—деп атайды.

Трубаның екінші жағын окуляр дейді, онда да шыны бар. Ол зерттелетін затты үлкейтіп көрсетеді. Бұл телескоптың бір кемшілігі сәуле линзадан өткенде, түрлі түске бөлініп кетеді. Оны спектор дейді. Жаңбыр жауып тұрғанда күн шықса, оның сәулесі шөлмектей мөлдіреген домалақ тамшылардан өткенде, спекторға бөлінеді.

Сол спектор қызартып, көгертіп жасылдандырып, жұлдыздың планеталық суретін анық көрсетпей қояды. Сондықтан көк жүзінде кемпір қосақ пайда болады.

1720-шы жылдан бастап телескоптың екінші түрі пайдаланылады. Ол Ньютон телескопі. Мұнда сәуле шыныдан өтпейді, айнаға түседі. Суретті айнадан қарайды, бірақ айна тегіс емес, табақ сыяқты ортасы ойыс етіп жасалған. Ол айнаны жасау өте қиын. Жақсы шеберлер 10—15 жыл қолмен егеп істейді. Қолмен істеген зат дұрыс болмай шығуы да мүмкін. Ондай жағдайда айнаға түскен сәулелер бір нүктеге жыйналмай бытырап тарап суреті анық болмайды (2-сурет).

Осы күнгі ең үлкен линзалы телескоптың диаметрі 102 см. Ол Америкадағы Перк обсерваториясында бар. Ең үлкен айналы телескоптың диаметрі 2,5 метр, ол Калифорнияда. Бұл телескоптың күші адам көзінен 200 000 есе артық. Айналы телескоп кемпір қосақсыз жасалады, айнаға түскен сәулелер дұрыс бір нүктеге жыйналмай, бытырап кетеді. Сондықтан бұған планеталардың суреті онша анық түспейді.

1941 жылға дейін оқымыстылардың көбі енді телескоп өзгермейді, өзгертіні өзгеріп болды деуші еді. Кейінірек совет оқымыстысы Максуп-



2-сурет




3-сурет

тов телескоп құрылысына тамаша жаңалықтар кіргізді.

Максуповтың телескопі он-оңай. Максупов айна мен линзаны бірдей қолданып отыр. Тек оның линзасының бір жағы дөңес, бір жағы ойыс. Мұндай шыныны — мениск. деп атайды. Сәулелер менискіден өтіп, айнаға түсіп қайтқанда, онда кемпір қосақта және сәулелердің бытырап тарауы да болмайды. Сондықтан сурет өте анық болып шығады. (3-сурет).

Тағы бір ғажабы айнасының ойысы қиын емес, жай шардың бір бөлінегі сыяқты. Оны машинамен де оюға болады. Машина жұмысы жылдам және жеңіл.

А Ю Д Ы Н С Ы Р Ы



Аю баласын қыс күнінде-ақ қалың қар басып қалған өзінің үңгірінде табады. Ол баласын сүтпен асырайды, бірақ өзі жаз шыққанша ештеме ішіп-жемейді.

Аюдың баласының салмағы жаңа туған адам баласының ауырлығынан кем деп ешкім

айта қоймас еді. Бірақ, шынын алып қарасақ, аюдың баласы туғанда 500 грамм ғана болады, яғни егеу құйрық тышқанның ауырлығындай ғана болады. Егер аюдың баласының үлкендігі басқа аңдардың балаларының үлкендігіндей болып тұрса, онда ол көп сүт керек етер

еді де, шешесін мүлде сорып алар еді. Олай болғанда, арықтықтан шешесінің өліп те қалуы мүмкін. Аюдың баласы жазға дейін өте баяу өседі. Ал жаз шығысымен үңгірден күн шуаққа шығып, шешелеріндей бұлар да жер шұқыды. Бой көтеріп, тезірек өсе бастайды



ҚЫСТЫ КҮНІ ЖҰМЫРТ- ҚАЛАЙТЫН ҚҰС

Қысты күні, аққар, көк мұзда шырша ағаштың бұтағына ұя салып, жұмыртқа басатын құстар да болады. Қыстың аяқ кезінде бұл құстың сарбауыр балапандары бұтақтан жоғары көтерілуге қанат қағып талпынады. Қысты күні ұя басатын мұндай құсты клест деп атаймыз. Бұл ұсақ құстардың бір түрі, түсі сары болады.

Бұл құс жапрақты және бүрлі ағаштардың дәнін қорек етеді.

Ал, ол ағаштардың дәні жазға салым пісіп жетілгенімен, қыс күні де азық етуге шикілік келтірмейді. Клест балапандарын ұядан осы бүрлі ағаштардың дәні әбден піскен кезде және балапандардың өз бетімен тамақтануға шамасы келген кезде ұшырады.

Сондықтан клест қысты күні, ал басқа құстар көктемде жұмыртқа салады, бірінші жұмыртқасын салысымен-ақ клест

ұясын тастап ешқайда кетпейді. Ол жұмыртқасын, одан кейін балапанын үсіріп алмауға тырысады.

Ал, еркек клест балапандардың анасына және балапандарға тамақ тасып береді. Бұл азықты ұяның тап жанындағы шырыштардан ән салып жүріп ақтеріп әкеледі. Клест көңілді және суыққа төзімді құстың бірі.

М. ЗВЕРЕВ

ҚАРАПАЙЫМ ЗАТТАРДЫҢ ТАРИХЫ

ШАХМАТ

Шахмат II ғасыр шамасында Индияда шыққан. Әуелде шахмат—«шатуранга» («соғыс ойыны») көңіл көтеру ретінде қолданылған. «Шатуранга» — «төрт сап» деген сөз, екінші сөзбен айтқанда, ол кезде үнді елінің әскері төрт топқа бөлінген.

Шахматтың ең алғашқы ескі түрі осы «Шатуранга». Қазіргі шахматтан «шатуранга» фигураларының жүрісі және ережелерінде едәуір өзгешеліктер бар. Дегенмен фигуралар мен олардың жүрістерінде көп ұқсастықтар да бар. Мысалы «король» қалай жүрсе де ерікті және ең күшті фигура болып саналған.

Шахмат үнді елінен әуелі Орта және Шығыс Азияға тараған, ал VI ғасырда парсы (қазіргі Иран) еліне жайылған және шахмат бұл елдің ең бір қадірлейтін ойыны болған. Араптар шахматпен осы парсылар арқылы танысқан, өйткені, араптар бұл елді VII-ғасырда (638 жылдарда) соғысып, басып алған.

«Шатуранга» соғыс ойыны, оның фигураларының ең күштісі «король» дедік. «Қоролды» парсылар «шаһ» дейді. Шахмат деген сөздің «шаһ» деген басқы буыны осыдан алынған. Ал соңғы «мат» деген буыны арапша өлді деген сөз. Сонда Шахмат — «король өлді» деген сөз болып шығады. Шахмат ойынының ең күшті фигурасы «король» (парсыша «шаһ») жеңілсе, басқа фигуралар өздігінен беріледі. Ендеше «король өлдінің» мәнісі ойын бітті деген сөз. Шахматтың, аты да осыдан алынған болуға тиіс. Араптар ойынды тереңдету және шиеленістіру үшін шахматқа көп жаңалықтар кіргізді. Фигуралардың саны, оларды тақтаға орналастыру жүйесі және ойынның алғашқы ережесі шахматты араптар қолға алған кезде туды.

VIII және IX ғасырлар шамасында араптар Испанияны жеңіп алғаннан кейін шахмат Европа елдеріне тарай бастайды. Бірақ орта ғасырдағы кертартпа әдет-ғұрыптың, салттың салдары үстем кезде, шахмат ойыны ойдағыдай өрістей алмайды.

Шахматтың Европа елдеріне көп тараған кезі XII-ғасыр еді. Бұл кезде шахмат ойыны жөнінде аты әйгілі адамдар шыға бастайды. Ойын туралы нақтылы ереже, жүйелі пікірлер шыға бастайды.



АЙНА

Айна бұдан 300 жылдар шамасы бұрын тек Италияның Венеция деген қаласында ғана жасалады екен. Айнаны жасау онша қиын емес. Шыныға айрықша ерітілген зат құйылады, одан шыныға күміс жабысып қалады. Төзімді болу үшін күмістің қатпарының үстінен бояу жағылады. Содан кейін қарасаңыз шыныдан өз түріңізді анық көресіз.

Осының барлығы оп-оңай-ақ жасалатын сыяқты, бірақ бұдан 300 жыл бұрын айнаны жасаудың бұл құпиясын тек бір Венециядан басқа ешбір ел білмеген. Венеция үкметінің бұйрығы бойынша айна жасайтын фабрика елден бөлек алыстағы бір аралға көшірілген. Сонда да айна жасаудың сырын біреуден-біреу естіп біліп алған.

1665 жылдары Француз үкметі Венециядағы өзінің елшісі арқылы Муронадағы бір ұсақ сәудегерге пара беріп, Венециядағы айна жасаушы шебердің Парижға қашуын ұйымдастырады. Бірақ Венеция үкметі біліп қойып, оған көп қарсылық білдіреді, әрекет жасайды. Дегенмен айнаны қалай жасаудың құпиясын француздар біліп алады да, айнаны өздері істей бастайды. Сонсоң бүкіл Европа еліне, одан кейін Азияға тарайды.



СІРІҢКЕ

Бұрын адам баласы отты тұтандыру үшін шақпақ тас, сілті-мақта қу ағаш сыяқты заттарды қолданған. Ол үшін болат темірмен шақпақ тасты қайта-қайта ұрған, сонда шақпақ тастан от ұшқыны шығып, оны сілті-мақтаға тигізіп тұтатқан.

Адам баласы шақпақ тассыз, сілті-мақтасыз от тұтандыру жолын іздестіреді. Кейінірек от тұтандырудың жаңа түрлері шыға бастайды. Мұның ішінде күкірт қышқылын тигізсе жанатын сіріңке және басқа шыныдан жасалған сіріңке шығады.

Бірақ бұл сіріңкелердің барлығы да пайдалануға қолайсыз болып шығады және қымбатқа түседі. Сүйте-сүйте адам баласы сіріңкені фосфордан жасауды ойлап шығарады. Фосфорды аздап қыздырғанның өзінде де жанатын болады. Сіріңкені етіктің табанына, немесе қонышына сызса болғаны, лып етіп тұтанып кетеді. Сөйтіп алғашқы фосфордан жасалатын сіріңке фабрикасы 1833 жылы ғана салынды.


Бірақ фосфор өте улы зат және сіріңке жанып болғаннан соң біразға дейін күкіртті газдың иісі шығып тұратын болды. Сонымен қатар сіріңкенің фосформен қапталған басы жаққан уақытта жарылып шашырап, жан-жаққа ұшатын болған.

Тек 1880 жылы «Шведтік сіріңке» деген сіріңке пайда болды. Бұл сіріңкеде фосфорда, күкірт иісі де, у да жоқ, пайдалануға өте қолайлы. Осы сіріңкені қазіргі уақытта да қолданып жүрміз.






Шаршы



Балалар, мына суретті беске бөліп, бөлшектен құрап шаршы жасаңдар!
Қане, кім бұрын жасайды?

„Орман ішінде“



Журналымыздың 3-санында басылған „Орман ішінде“ деген жұмбақ суреттің шешуі.
Дұрыс шешуін жібергендер: Зейнеп Жұмаханова (Алматы), Секен Бәзілбеков (Жамбыл облысы, Луговой ауданы) және Бахыт Бөлтіріков (Алматы облысы, Кеген ауданы).

М А З М Ū Н Ы

Т. Жароков — Октябрь (өлең)	1	Б. Сқақов — Жаралы жауынгер (өлең).	23
А. Кононов — Смольныйда (Ленин туралы әңгіме)	2	Ленин қаласы	24
Аркадий Гайдар	4	В. Копытин — Уба бойында (әңгіме)	26
А. Гайдар — Тимур және оның командасы (үзінді)	5	С. Бегалин — Арқар қой (әңгіме).	30
Б. Емельянов — Жүзік. Чемодан (А. Гайдар туралы әңгімелер)	8	Ә. Сәрсембаев — Төлдер айтысы (өлең)	33
Ж. Өмірбеков — Туған жер	10	Ә. Тезекбаев — Жас мерген (әңгіме).	35
Н. Ахмедова — Әрбір пионердің іскерлік қаблетіне, белсенділігіне кең жол берілісін	11	Біздің тұрмыс	37
М. Пришвин — Күн қоймасы (ертегі-аңыз).	12	Пионердің белгісі, ураны, салюті туралы.	40
Д. Снегин — Кешіккен концерт.	16	И. Вестфаль — Шаңғыны қолдан қалай жасау керек	42
Қ. Аманжолов — Сырттан (поэма).	20	Қ. Борамбаев — Ізшілдік сабағы.	43
		Миллион жылдар	45
		М. Зверев — Аудың сыры. Қысты күні жұмыртқалайтын құс	46
		Қарапайым заттардың тарихы	47
		Ойлап тап.	48

Мұхабаның 1-бетіндегі „Ана тілі сабағында“ және мұхабаның соңғы бетіндегі „Соңар күні“ деген суреттерді жасаған суретші К. Баранов.

Жауапты редактор Т. Абдрахманов.
Редколлегия мүшелері: Н. Ахмедова, Ә. Бектұров, Қ. Борамбаев, Қ. Жармағамбетов, С. Мұқанов, Ж. Қонақбаев, Ә. Сытдықов, А. М. Черкасский.

Тех. редактор А. К. Доморошин.

Редакцияның адресі: г. Алма-Ата, проспект Сталина 73.

Редакция журналы «ПИОНЕР»

Подписано к печати 12.12.1946 г. УГО4087


Объем 3 п. л

Тираж 10000.

Гостипография № 3 Управления полиграфии и издательств при Совете Министров КазССР
гор. Алма-Ата, Проспект Ленина 2. Заказ № 917

305905

Неге?



Тілімізде «неге» — деген сөз бар. Барлық ашылған жаңалықтар осы сөзден басталады. Күннің-түнге, жаздың-қысқа айналу себептерін білу үшін адам ең әуелі «неге?» деген сұрақ қою керек болды. Егерде ол бұл сөзді айтпаған болса, мүмкін біз осы уақытқа дейін жер тегіс және қозғалмайды деп ойлаған болар едік, бізде Коперник те, Ньютон да болмаған болар еді. Біздің ерте замандағы ата-бабаларымыз аспандағы жарқ-жүрқ етіп жарқылдаған/нажарайта үрейлене, қорқынышты көзбен қарап, оның неге бұлай болғанын білгісі келмесе, мүмкін біз осы уақытқа дейін бұл тәңірдің ісі деп ойлаған болар едік. Барлық ғылым, техника жаңалығы осы «неге» деген жұмбақ сөзден басталды. Егер сіз қандай болса да ашылған жаңалықтың тарихын тексерсеңіз сіз, ең алдымен өзіне-өзі «неге?» деп сұрақ қойып, ауыр ойда отырған адамды көресіз.

Адам қоғамы қазір көп нәрсені біледі. Бірақ, біз үнемі алға басып келеміз, алға басқан сайын біздің алдымызда «неге?» деген жаңа сұрақтар туа береді. Ғылым қанша жаңалық ашса да, оның алдында әлі де талай жаңалықтар ашу міндеті тұр. Өйткені адам баласының «енді жетер, мені енді өштегені де білім келмейді» деп айтатын уақыты болмақ емес.

Әр оқушы бала осы «неге» деген сөзбен үйір, дос болуы керек. Бұл сөз олардың ой-өргенін кеңітеді. Әрбір «негелер» оның өзін қоршаған дүниені, заттарды тануына көмектеседі.

Сондықтан әрбір оқушы «неге?» деген сұраққа көңіл бөліп, әруақытта ойлауын жүруі керек.

Балалар, осы бетте «Күзді күні ағаштың жапырақтары неге түседі?», «Күн неге тұтылады?», «Үкі неге түнде көреді?», «Судағы тас неге жеңіл болады?» деген суреттер салынып. Бұл сұрауларға жауап жазып редакцияға жіберіңдер. Дұрыс қайтарылған жауапты журналымыздың келесі сандарында басамыз.

БАҒАСЫ 4 СӨМ.

СОҢАР КҮНІ





Декабрь

1946 жыл

№ 6

Республикалық газеттер баспасы